Әдебиет - ардың ісі

Ұлы қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Газет 2010 жылдың 19 наурызынан шыға бастады www.ush-k.kz №17 (279) 29 сәуір 2016 жыл

БІЗ ДОСТЫҚТЫ САҚТАП ҚАЛДЫҚ!

«Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясы Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шараларды бастап береді».

Бейбітшілік және келісім сарайында өтіп жатқан Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында сөз сөйлеген ҚР Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ осылай мәлім етті. Сессия «Тәуелсіздік. Келісім. Болашағы біртұтас ұлт» күн тәртібімен ашылған болатын.

«Қазақстан халқы Ассамблеясы – біздің Тәуелсіздігіміздің ең асыл құндылықтарының бірі. Осы жаңа қоғамдық институтты бекітуді 1992 жылдың желтоқсан айында, Тәуелсіздігіміздің бір жылдығы қарсаңында ұсыныс жасағанымның өзіндік мәні бар. Қазір көпшілік сол кезеңнің қаншалықты күрделі болғанын біле бермейді. Ал сол тұста дүниеге келгендер қазір 25 жасқа толып, ересек адам болды. Олар біздің басымыздан өткергеніміздің көбін білмейді», - деді Елбасы.

Сонымен қатар, Н.НАЗАРБАЕВ Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін бірқатар елдерде қантөгістер орын алғанын еске салып, олардың кейбірінде қақтығыстар әлі де жалғасып тұратынын атап өтті.

«Әрине, қатерлер зор болды. Дегенмен, бізге қатысты айтылған ең сорақы болжамдардың барлығы Қазақстанды айналып өтті. Бұл кездейсоқтық емес, біздің мемлекетіміздің нысаналы жұмыстарының нәтижесі болатын. Біз достықты сақтап қалдық. Халықтың ерік-жігері арқасында біз бір шаңырақ астында өмір сүріп жатқан барлық этностардың тең құқылығы, бірлігі мен келісім жолын таңдадық. Қазақстан халқы Ассамблеясы – бұл біздің Тәуелсіздігіміздің жемісі. Ол кез келген қатерлерден жоғары тұрды», - деді Н. НАЗАРБАЕВ.

АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЖАН СЫРЫ

немесе хауас жайын тануда М.Мырзахметұлының үлесі

Бүгінгі таңдағы басты міндет – Абайды шынайы әрі терең тану. Қазір Абай туралы деректер мен ізденістер бұрынғыдан көбейді.

Сөйтсе де Абай дүниетанымының өзегін тану әлі де көп тер төгуді қажет етеді.

Абайдағы өзекті мәселені өз кезінде М.Әуезов «нравстенная личность» деп атаған, ал кейінгі қырық жылдан аса уақыт көлемінде М.Мырзахметұлы мұны ақынның өз сөзі «толық адам» деген атаумен өндірте зерттеп келеді. Бүгінде бұл күрделі таным ғылыми айналымға еніп, зиялы қауым санасына тәп-тәуір сіңісті болып қалған жайы бар. Қазір айтуға тартынсақ та, кейін тарих бәрібір айтады. Ал қазір айтар болсақ, өз басым абайтанудағы М.Мырзахметұлының еңбегін А.Байтұрсынов, М.Әуезовтер қатарында бағалар едім. Себебі М.Мырзахметұлы біріншіден, абайтанудағы М.Әуезов еңбегін жүйелеп әйгіледі, екіншіден, М.Әуезовтің көп құмартып, бірақ таратып айта алмай кеткен Абайдың Шығысқа қатысын қайта тірілтіп, жан бітірді, үшіншіден, Абай Шығысына көп қатысы бар толық адам танымын бүгінге дейін өндірте зерттеп келеді. Өкінішке орай, Абайдағы толық адам туралы өзекті ойды тарата қарастыруда М.Мырзахметұлына талапкер зерттеушілер еркін ілесе алмай жүр. Абайдағы толық адам танымын тиянақты да терең зерттеуде әзірге М.Мырзахметұлы дара шығып тұр.

Абайтанушы ғалымның «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» атты атақты еңбегінің ең терең де танымды тарауы – «Абай мұрасының Шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеуінде» деп аталады. М.Мырзахметұлының бұл еңбегі туралы, әсіресе аталған тараудың мән-мағынасы жайлы ақын-жазушы, ғалымдар тарапынан біршама таратылып жазылды. Сөйтсе де Абай дүниетанымы мен өмірлік мұратының өзегі туралы ой өрбітетін бұл тараудың мәні мен нәрі, ең басты түйіні әлі де анық, айқын аша түсуді қажет етеді. Әрі ғалымның зерттеушілік ізденісі мен қарым-қабілетінің қадір-қасиетін осы тараудан терең тануға болады.

Ғалым өзі көтеріп отырған мәселені мүмкіндігінше бар қырымен түгел қамтып, әрі терең тануға әрекет жасаған. Әрекеті сәтті де жемісті шыққаны анық. М.Мырзахметұлы ең әуелі ғұлама ғалым М.Әуезовтің Абай Шығысына қатысты зерттеу ісіне қандай дайындықпен келгенін нақты дәлелдермен айта алған. М.Әуезов қиын да күрделі тақырыпқа ғажап тәуір дайындықпен келіпті. Ғұлама ғалымның кейінгі ұлан-асыр ғылыми, суреткерлік еңбегі о баста оның Абай Шығысына қатысты ізденісінен, бұдан бұрынырақ әрі қабаттаса жүрген аспиранттық жылдарындағы қанатын кеңге жайған талабынан танылады әрі сол кездегі жанкешті тынымсыз ізденістерінен бастау алады.

Ғалым М.Мырзахметұлының аталған ғылыми еңбегінің табысты, жаңалықты тұстары мол. Осы орайда, ең әуелі ғалымның өз тақырыбын танытуда ғалымдық пен суреткерлік қарым-қабілетін бірдей пайдаланған М.Әуезовтің «Абайға қатысты зерттеулері мен ой-пікірлерінің ішінен әр жылдар мен түрлі еңбектерде еркін жүзіп жүрген өзекті түйіндерінің» қалыпты жүйесін тауып жасауын зор табыс демеске лаж жоқ. Жүйені табу, жасау - әуелгі жаңалық, ал сол жүйедегі көп қыртысты Абай дүниетанымының ішкі иірімдері мен шынайы шындықтарын ашу – ғалым М.Мырзахметұлының ұзақ жылғы машақатты еңбегінің нәтижесі. Бүгінде Абайдың ақындық мұрасы, жалпы дүниетанымы мен көркем танымы туралы ізденісті еңбектерге зәру емеспіз. Ғалымның өзі жасаған Абайтануға қатысты библиографиялық көрсеткішінде ақын болмысы мен мұрасына қатысты төрт мыңнан астам түрлі еңбектер тізімі жинақталған.

Жалғасы 6-бетте

ЖАС ТЕАТРЛАР ТОҒЫСҚАН ЖАҢА ФЕСТИВАЛЬ

Ақтөбеде алғаш рет Тахауи Ахтанов атындағы Ақтөбе облыстық драма театрының ұйымдастыруымен ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Республикалық жастар және студенттік театрлары арасындағы «Балауса» фестивалі ресми түрде өткізілді.

Фестивальге Республикамыздың түкпір-түкпірінен, облысымыздың мәдениет және өнер мекемелерінен, ЖОО мен колледждердің жанынан құрылған студенттік 12 театр, оның құрамында 130 өнерпаз қатысты. Олар: «Алматы-Music» (Алматы), «Дәуір» (Семей), «Q» (Қарағанды), «AZAREE» (Тараз), «Өркен» (Шымкент), «Ұлы Дала» (Орал), «Кемал» (Ақтөбе), «ALLART» (Ақтөбе) , «Алтын шаңырақ» (Жаңаөзен), Т.Жүргенов атындағы өнер академиясы (Алматы), «Жас толқын» (Көкшетау), «Арын» (Ақтөбе) театрлары.

Фестиваль Ақтөбе аумағында облыс әкімінің және облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының қолдауымен алғаш рет болып өтті. Фестивальдің ашылу салтанатында театрдың даңқты дәстүрі бойынша қатысушылар мен қазылар мүшелері алқызыл кілеммен жүріп, театрдың алды тірі мүсіндермен безендірілді. Сонымен қатар, ҚР Тәуелсіздігінің 25 – жылдығына арналған Республикалық жастар және студенттік театрлары арасындағы «Балауса» фестивалінің ашылу салтанатына орай театрландырылған «Тәуелсіздікке 25 жыл» атты хореографиялық көрініс қойылды. Қойылымның режиссері: Елтай Кемал. Балетмейстері: ҚР еңбек сіңірген қайраткері Гүлнәр Мәмбетова.

Фестивальді салтанатты түрде ашу үшін Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Шериязданов Асқар Тұрарұлына сөз кезегі берілді. Асқар Тұрарұлы Ақтөбеде алғаш рет өткізіліп жатқан фестивальмен құттықтап, қатысушылар мен көрермендерге көтеріңкі көңіл күй мен сәттілік тіледі.

Өнерпаздардың өнерлерін бағалауға, қазылар алқасының төрағалығына ҚР еңбек сіңірген қайраткері, режиссер, драматург Маемиров Асхат Максимұлы арнайы шақырылды.Сонымен қатар қазылар құрамында облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысы, ҚР Мәдениет қайраткері – Қанат Айтбаев, Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театрының директоры, ҚР Мәдениет қайраткері – Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН, режиссер-Жеңіс Қалқабеков, балетмейстер, ҚР еңбек сіңірген қайраткері - Гүлнар Мамбетова, ақын, драматург, сазгер, ҚР Мәдениет саласының үздігі- Орал – Қосай Байсеңгір болды.

Фестиваль «Алақай» қуыршақ театрында және Т.Ахтанов атындағы облыстық драма театр залында өткізілді.

Фестивальдің салтанатты жабылуында қатысушы театрлар тиісті жүлделерімен марапатталып, ҚР Халық Әртісі, ҚР Еңбек сіңірген әртісі. ҚР Театр Қайраткерлері Одағының төрағасы Тұңғышбай ЖАМАНҚҰЛОВТЫҢ ақ батасын алды. Фестиваль жастар және студенттік театрлары арасында болғандықтан кейбір театрлар жаңадан бүр жарып, «Балауса» фестивалінде тұсауын кесіп жатты. Фестиваль біз күткеннен әлдеқайда жоғарғы деңгейде өтті.

Жалғасы 7-бетте

ISSN 2306-9686

ӘДЕБИЕТТІҢ БАЯНДЫ САРБАЗЫ 2-бет

«ТАРИХ-И РАШИДИ» ПЕНДЕШІЛІК БҰЛАУЫНА БАТПАУЫ ТИІС 5-бет

МАҚТАҒАН МАЛ ТАБАДЫ... 7-бет

8-бет

«ОҚИТЫН АВТОБУС» АКЦИЯСЫ

С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері 22 сәуір күні таңертеңгілік уақытта №15 бағыттағы автобуста «Оқитын автобус» акциясын өткізді. Аталмыш акция Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы аясында 23 сәуір – Бүкіләлемдік кітап және авторлық құқық қорғау күніне орай ұйымдастырылды.

Акцияның мақсаты: ҚР мәдениет министрінің қолдауымен, Ұлттық Академиялық кітапхананың ұйымдастыруымен елімізде жылсайын өткізілетін «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында жалпы ұлттық оқылымға ұсынылған зар заман ақындарының арасындағы жарық жұлдызы Дулат Бабатайұлының шығармаларын және сонымен бірге облыстық «Оқитын өлке» акциясы аясында оқуға таңдалған боз жусанды даланың бозжорғасы атанған,ақын Есенбай Дүйсенбайұлының «Ұланғайыр» кітабын насихаттау болып табылады.

Қалың оқырманға шығармалары жыл кітабы болып ұсынылған Дулат Бабатайұлы 1802 жылы Семей өңірі, Аягөз маңында дүниеге келген. Ауыл молдасынан оқып, хат танып, мұсылманша сауатын ашады. Өзіне дейінгі әдебиет үлгілерінен мол сусындап, көне ақын-жыраулар мұрасынан ескі тарихи аңыздар мен эпикалық жырларды тыңдап, нәр алып өскен ол өз дәуіріндегі ең білімді адамдардың бірі болды.

Ал биылғы «Оқитын өлке» облыстық акциясы бойынша шығармалары өлкемізде жыл бойына оқуға таңдалған ақын Есенбай Дүйсенбайұлы Байғанин ауданының Қалдайбек ауылында дүниеге келген қазақтың көрнекті ақыны. Поэзияны қадірлейтін оқырмандардың сүйікті ақынына айналып, ондаған өлең жинағын берді. Оның «Боз ала таң мен бозторғай», «Ақ пейіл», «Ұланғайыр», «Ашық аспан», «Ақ желкенді ағыстар», «Біздің толқын», «Ашық хат» деп аталатын жыр жинақтары Алматыдағы «Жазушы» және «Жалын» баспаларынан жарық көріп, кеңінен тарады. Есенбай Дүйсенбаев – қазақ поэзиясына өз үні, өз бояуымен келіп, ерекше танымал болған ақын.

Бүгінгі акция барысында жасөспірімдер кітапханасының қызметкерлері №15 қалалық автобус бағытындағыавтобус ішінде жолаушыларға 3 сағат бойына бүктемелер, жарнамалық парақшалар таратып, автобус ішіне «Бір ел – бір кітап» және «Оқитын өлке» акциясына байланысты плакаттар жапсырды. Сонымен қатар кітапханашылар ақын Дулат Бабатайұлының шығармаларынан үзінді келтіріп, өмірбаянына тоқталып өтті. Ақын С.Жиенбаевтың өлеңдері үнтаспа арқылы тыңдалып жолаушыларға көңілкүй сыйлады. Автобус жолаушылары өздерінің деттеген аялдамаларына жылдам жеткенімізді сезбейде қалдық деп кітапханашыларға өздерінің ризашылықтарын білдіріп жатты.

Қазіргі жасөспірім жастарды кітап оқуға тартуда, сондай-ақ тәрбиелеуде, олардың демалысын ұйымдастыруда, шығармашылықтарын шыңдауда өзге кітапханалардай Сағи Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы да тынбай жұмыс істеп келеді. Бүгінгі өткізілген акцияда соның айғағы болмақ. Жалпы қандайда бір шараны өткізгенде оқырмандарды кітапханаға тарту мақсаты көзделеді. Сол себепті кітапханада жаңаша әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабы болып қала бермек.

Үржан ҚҰДАСОВА,
С.Жиенбаев атындағы облыстық жасөспірімдер кітапханасы директорының орынбасары Ақтөбе қаласы

БЕС ИНСТИТУЦИОНАЛДЫ РЕФОРМА,

сондай-ақ қазақстандық бірегейлік пен бірлікті іске асыру жөніндегі шаралары

«Бес институционалды реформа – Ұлт жоспарын» Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев 2015 жылдың 11 наурызында Астана қаласында өткен «Нұр Отан» партиясының кезекті 16 сьезінде сайлауалды бағдарламасы ретінде ұсынды.

Жоспардың негізгі мақсаты – «аурулардың сыртқы белгілерін» сылап-сипап қою емес, оларды жүйелі емдеу болып табылатын қоғам мен мемлекеттің қайта өзгеруіне, жаһанануына негіз салу.

Бес институционалды реформа мыналарды қамтиды:
-Баршаға бірдей осы заманғы мемлекет
-Заңның үстемдігі
-Орнықты экономика
-Болашағы біртұтас ұлт
-Ашық және халыққа есеп беруші мемлекет.

Жоғарыда аталған реформа негізінде 2015 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан Республикасы Президенті болып сайланған Н.Ә.Назарбаев жаңғырту жөніндегі ұлттық комиссиясын құрып, оның мақсатын кезеңкезеңімен осы бес реформаны жүзеге асырып, мемлекеттік органдар, бизнес пен азаматтық қоғамның іс-әрекеттерін үйлестіру деп белгіледі.

Комиссияның бірінші отырысында ҚР Президенті бес реформа бойынша «мемлекеттік құрылыстың одан арғы 100 нақты қадамы» атты Ұлт жоспарын ұсынды.

100 нақты қадам – бұл жаһандық және ішкі сын қатерлерге жауап және сонымен бірге жаңа тарихи жағдайларда ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіру жөніндегі жоспары.

Бес институционалды реформаны, сондай-ақ, қазақстандық біргейлік пен біліктілікті іске асыру жөніндегі шараларды ақпараттық сүйемелдеу бойынша «Болашаққа 100 қадам» атты медиа-жоспары Қазақстан Республикасы мемлекеттік хатшысының 2015 жылғы 30 қазандағы №9 өкімімен бекітілді. Медиа-жоспар мақсаты жоғарыда аталған реформа мен жоспардың іске асырылуына ақпараттық жүйелерді мейлінше тарту болып табылады.

Сондай-ақ, реформаның іске асыру барысын түсіндіру және ақпараттық сүйемелдеу мәселелері бойынша жауапты қызметкерлерді айқындау және бекіту, БАҚ өкілдерінің басшыларымен кездесу және министрліктің және олардың ведомствалық ұйымдарынан, отандық және шетелдік сарапшылардың спикерлердің тізімін бекіту ұсынылды.. Бес реформаны іске асыру бойынша бекітілген эскиздерге сәйкес сыртқы жарнамалар жасау, брифингтер ұйымдастыру, заман талабына сай, жастар арасында бұл реформаның жақсы таралуына ықпал ету үшін интернет ресурстарын және әлеуметтік желілерді пайдалану нұсқалды.

Жоғарыда аталған реформаларды жүзеге асыру – алда тұрған 10-15 жылға бірінші кезектегі жалпыұлттық міндет. Реформалар жоспары – ұлт жоспары, өйткені реформалар Қазақстанның әрбір азаматының тікелей қатысуын талап етеді. Сондықтан, реформаның толығымен жүзеге асуы үшін халық ол туралы ақпаратпен толық танысуы керек. Реформалар – тек мемлекеттік машинаның ғана емес, халықтың ісі болып отыр.

А.КЕРИМОВА,
Алматы қаласы әділет департаментінің азаматтық хал актілерін тіркеуді және апостильдеуді қамтамасыз ету және бақылау бөлімінің жетекші маманы

НАУРЫЗДЫ ТОЙЛАП, САЙЫСҚА ШЫҚТЫҚ

Наурыз мейрамы – ежелгі заманнан қалыптасқан жыл бастау мейрамы. Қазіргі күнтізбе бойынша наурыздың 22-сі күн мен түннің теңесуі кезіне келеді. Парсы тілінде но-жаңа, роуз-күн деген мағынаны білдіреді.

2010 жылдың 10 мамырынан бастап Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас ассамблеясының 64-қарарына сәйкес 21 наурыз «Халықаралық Наурыз күні» болып аталып келеді. Бас ассамблея өзінің берген түсініктемесінде «Наурызды көктем мерекесі ретінде 3000 жылдан бері Балқан түбегінде, Қара теңіз аймағында, Кавказда, Орта Азияда және Таяу Шығыста 300 миллион адам тойлап келе жатқандығын» мәлімдеді. Ал UNESCO болса, 2009 жылдың 30 қыркүйегінде Наурыз мейрамын адамзаттың материалдық емес мәдени мұра тізіміне кіргізді.

Қазақстанда 2010 жылдан бастап Наурыз мейрамы үш күн: 21-23 наурыз аралығында аталып өтіледі. Ал, бүгінгі күні мейрамды наурыз, сәуір айларында тойлай береді. Жалпы, Наурыз парсы, кавказ және түрік халықтарының арасында көктем мейрамы және жаңа жылдың басталуы ретінде тойланады.

Біздің кітапханамызда да Наурыз мейрамы жыл сайын тойланып, көпшілікке ұлтымыздың салт-дәстүрін, ұлттық ойындарын және ұлттық тағамдарын насихаттаймыз.

22 сәуірде «Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана» РММ Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған «Қош келдің, әз Наурыз!» атты іс-шарада қызметкерлер арасында спорттық сайыстар өткізілді.

Жарыс Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясын, Қазақстан халқының бұқаралық денешынықтыру және спортпен шұғылдануын 30 пайызға жеткізуге, сонымен қатар, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған. Арқантартыс, шапшаң жүріс бойынша эстафета және қол күрес бойынша сайыстар өткізілді. Жеңімпаз топтар жарыс ережесіне сай төрешілер алқасының шешімімен анықталып, арнайы дипломдармен марапатталды.

Наурыз мейрамына өткізілген іс-шара Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлт жоспары-100 қадам баршаға арналған қазіргі заманғы мемлекет» бес институттық реформасын жүзеге асыруға бағытталған 100 нақты қадамның «Біртектілік пен бірлік» атты 4-ші бағытының 87-ші қадамы «Менің елім» кең көлемді жобасын қамтыды.

Наурыз мейрамына арналған іс-шара өз деңгейінде өтті. Ұйымдастырушы өнер және спорт әдебиеттері бөлімінің қызметкерлеріне кітапхана ұжымы алғысын білдірді.

СПОРТ – САЛАУАТТЫ ӨМІР НЕГІЗІ

Жуырда Атырау мұнай және газ институтының Студенттер сарайында «Мұнай-газ саласының болашақ мамандарын кәсіби даярлаудағы дене шынықтыру мен спорт жүйесін жаңғырту: инновациялық дамыту жолдары және келешегі» тақырыбында Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция болып өтті. Шараны ұйымдастыруға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі, Атырау облысы әкімдігі, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы, Ресей баскетбол Федерациясы, Астрахань мемлекеттік техникалық университеті, Қырғыз мемлекеттік заң академиясы қолдау көрсетті.

Спорт жүйесіндегі инновациялар мен жаңарулар мәселесін қарастырған бұл ауқымды шараға отандық және шетелдік жоғары оқу орындарының ғылым докторлары мен кандидаттары да, спорт саласындағы республикалық және жергілікті мекемелердің өкілдері де қатысты. Жиналған елдің назарын ерекше аударған сыйлы қонақ та болды. Ол – баскетболшы, қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы, еңбек сіңірген спорт шебері, әлемнің және Еуропаның бірнеше дүркін чемпионы Әлжан Жармұхамедов. Қаны да, жаны да қазақ кез келген адамның мақтанышына, үлгі тұтар тұлғасына айналған әйгілі спортшыны АтМГИ ұжымы мен студенттері зор құрмет-қошеметпен қарсы алды. Спортқа қалай келгені, жеткен жетістіктері, спорттағы өмірі жайында сыйлы қонақтың өз аузынан естіп, қазақ спорты тарихында есімі қалар тұлға туралы бейнебаян тамашалады.

Институт ректоры Али Абишев конференция жұмысын ашып: «Спорттың әрбір азаматтың өмірінде алатын орны зор екендігін бәріміз жақсы білеміз. Спортпен айналысқан адамның дені сау, қай іске де шыдамды болатыны белгілі. Қазақ халқы «Тәні саудың – жаны сау» деп бекер айтпаған және денсаулықтың қадірін жете түсініп, оны басты байлыққа балаған.

Дені сау ұлт – бәсекеге қабілетті болады. Сондықтан спорттың бұқаралық сипатын дамыту – мемлекетіміздің стратегиялық басым бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев ел спортының дамуына, оның өзге мемлекеттер арасында басымдыққа жетуіне, жеңіс тұғырына көтерілген спортшыларымызды Көкбайрағымыздың желбіреп, Әнұранымыздың шалықтап шабыттандыруына, олардың бүкіл Қазақ елі, барша қандастарымыз мақтаныш тұтуына үлкен жағдай жасап отыр.

Бұл орайда Елбасымыз барша қазақстандықтарға: «Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек» десе, жастарымызға «Мен сіздерді және барлық студент¬терді біздің олимпиадашыларымыздың жеңісі құрметіне зиянды әдеттерден бас тартуға шақырамын, спортпен айналысыңыздар, саламатты өмір салтын ұстаныңыздар», – деп үлкен ой тастайды.

ЕлбасыЖолдауында 2020 жылға дейін Қазақстан халқының отыз пайызын бұқаралық спортқа тарту туралы айтылғаны баршамызға белгілі.

Спорт – елдің мерейін асырады, спортшы мемлекеттің абыройын тасытады. Алдыңғы буын аға спортшыларымыздың спорт тарихын жасаудағы өнегелі істері әрқашан ел есінде. Сіздерге әрдайым құрмет!

Тәуелсіздік жылдары ел спортшылары халықаралық ірі жарыстарда топ жарып, көк байрағымызды талай мәрте мәртебелі сайыстарда көтере білді. Сіздер жастарға үлгісіздер. Біз Сіздерге сенеміз!», – деді.

Атырау облысы әкімінің орынбасары Мұқан Шыңғыс Жұмабекұлы қатысып, облыс әкімі Нұрлан Асқарұлы Ноғаевтың атынан құттықтау жолдады, конференция жұмысына сәттілік тіледі. Халықаралық бағдарламалық алқа мүшелері сөз алып, өздерінің пайымды пікірлерімен, әсерлі ойларымен бөлісіп, конференция жұмысын қыздыра түсті.

Конференция барысында АтМГИ-дің «Құрметті профессоры» дипломымен марапаттау рәсімі де орын алды. Олимпиада чемпионы Әлжан Жармұхамедов, Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының директоры, педагогика ғылымдарының докторы Анатолий Құлназаров және АтМГИ түлегі, Пекиндегі жазғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Арман Чилманов «Дене шынықтыру және спорт» кафедрасының «Құрметті профессоры» атағын иеленді.

Салтанатты бөлімнен кейін шара пленарлық мәжілістің мазмұнды да танымды баяндамаларымен жалғасты. ҚР-дағы қазіргі спорттың негізгі мәселелері және оларды шешу жолдары, қазіргі заман жастарын дене шынықтыруға баулудың бағыттары, спорт саласында инновациялық технологияларды қолдану және т.б. секілді тақырыптар қозғалған баяндамалардан тыңдармандар көп мағұлматтар алып, жаңаша тәсілдермен танысып, Қазақстан мен Ұлыбританиядағы студенттердің қозғалыс белсенділігінен хабардар болды.

Шара түрлі спорт мәселелеріне арналған секциялар жұмысымен және «Әлжан Жармұхамедов атындағы Кіші баскетбол академиясының» ашылуымен жалғасты.

Бейбіт АМАНГЕЛДІҚЫЗЫ,
АтМГИ Маркетинг басқармасының жетекші маманы

ӘДЕБИЕТТІҢ БАЯНДЫ САРБАЗЫ

Жуырда С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының «Қаламгер» әдеби қонақжайында Ақтөбенің ақтаңгер ақыны, Қазақстан Жазушылар одағы Шәкәрім Құдайбердиев атындағы сыйлығының иегері Ертай Ашықбаевтың 60 жасқа толу мерейтойына арналған «Мешін жылы Бабатайда туғалы…» атты кездесу кеші өтті.

Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ермұқан Қыдырғали Мұхитұлы, ардагер журналист Идош Асқар, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, 2003 жылғы VI Халықаралық «Шабыт» фестивалінің Гран-При жүлдесінің иегері, ақын Бауыржан Бабажанұлы, сатирик жазушы Төрежан Мәндібай, журналист Бердібай Кемал, ақындар Нұрлыбек Қалауов пен Гүлімай Әбішқызы кеш қонақтары болды. Сонымен қатар, қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімдері, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарының филология факультетінің студент жастары қатысты.

Кеш тізгінін қолға алған ақын Бауыржан Бабажанұлы Ертай ақынның өлеңдері туралы және қызметтес ретінде адами қасиеттері жайлы толғана сөз етті. «Оның алғашқы өлеңдері С.Жұбаниязов деген атпен жарияланып, студенттер арасында ұзақ талқыланды, бірақ соңынан сол өлеңдер Е.Ашықбаевтың өлеңдері болып шықты», – деп, ҚазҰУ өмірінен қызықты естеліктер айтты.

Келесі кезекте кезінде бала Ертайдың темірқанат өлеңдерін газетке жариялап, кімді, нені оқу керектігі жөнінде бағыт-бағдар берген рухани ағасы Идош Асқар да әңгімесін әсерлі етіп айтты. Сонымен қатар оның талантты ақын ғана емес, болмысы жуас, мақтаншақтықтан аулақ жүретін азамат екенін, оның бүгінгі күні поэзия әлеміне жаңа келген жас ақындарға еңбегімен үлгі боларлық ақын екенін жеткізді.

Ал, Ақтөбе облысының мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы басшысының орынбасары Ермұқан Қыдырғали Мұхитұлы өз атынан және әкімшілік атынан Е.Ашықбаевты 60 жас мерейтойымен құттықтап, ақынға зор денсаулық, шығармашылық табыс тіледі. Ертай ақынның үзеңгілес інілерінің бірі сатирик-жазушы Бердібай Кемал ақын ағасының өзіне арнаған әзілшыны аралас өлеңдерін оқып, шығармашылық табыс тіледі. Кешке қатысып отырған оқырмандар ақынға қызықты сұрақтар қойып, тұшымды жауаптар алды.

Кеш барысында әсем әуендер де шырқалды. Ақтөбе өңіріне белгілі ақын, сазгер Орал-Қосай Байсеңгірдің орындауында Ертай Ашықбаевтың сөзіне, Нұрталап Жүсіповтың әніне жазылған «Ағайынды Жұбановтар» әнін және Ғ.Жұбанова атындағы облыстық филармонияның әншісі Елдос Жұмағұловтың орындауында Құдайберген жыраудың термесін кеш қонақтары мен оқырмандар қосыла шырқады.

Өлкетану бөлімінің кітапханашысы Рахила Табынбаева кеш қонақтарын арнайы жасақталған «Әдебиеттің баянды сарбазы» атты кітап көрмесімен таныстырып, автоматтандыру бөлімінің қызметкері Ақтоты Тржанова ақынға арналған фото-шежіре слайдты көрермендер назарына ұсынды.

Осылай бүгінгі поэзияға арналған Ертай ақынның кешінде елі ақынын қалай құрметтейтінін тағы бір дәлелдеген сияқты. Кеш өте қызықты да, әсерлі өтті.

Алмагүл КЕМАЛОВА
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының өлкетану бөлімінің кітапханашысы

ӘКЕ РУХЫНА ТАҒЗЫМ ЕТЕМІЗ

1942 жылы соғыс басталды деген кезде ауылдағы бүкіл халық, үлкен-кішісі бар, қатты қайғырып, күңіреніп кеткені әлі есімізде...

Алматы облысы, Нарынқол аудандық соғыс комиссарияты18 бен 60 жас аралығындағы жандарды тізімге алып, армия қатарына алып жатты. «Сол кезде аудан орталығында тұрғандықтан, күнде соғысқа аттанып, жылап-еңіреп құшақ айқастырған аналар мен балаларды көретінбіз. Ол кезде машина деген жоқ. Ары-бері арбамен қатысатын кез еді. Майданға шақырылғандарды қатарға тұрғызып, фамилиясын атап тұрғызады да, азық-түлікті арбаға тиеп, өздерін жаяу жүргізетін. Солай Алматыға 11-12 күнде жететін» деп ата-анадан естіп жүрдік.

1941 жылы үлкен ағам Қанапияев Қинаш армияға шақырылып, үйдің іші жылап-сықтай бастады. Сол кезде шешем қырықтың ішіндегі келіншек еді.

Туған-туыс жиналып, барлығымыз құшақтасып қоштасып, ағамды Нарынқолдан Қызылұш деген жерге дейін бала-шаға ілесіп барып, шығарып салдық.

Ал енді, әкеміз Дауылбаев Қанапия туралы сөз қозғар болсам, ол кісіні 1937 жылы «Халық жауы» деген атпен ұстап алып кеткен. Кейіннен ісі прокуратураға қарауға жіберілген. 1957 жылдың күзінде әкеміздің атына ақтау қағазы келді. 1937 жылы атылып кеткендердің тізімі жарияланған мұрағаттық «Қызыл қырғын» атты кітапта Дауылбайұлы Қанапияның да есімі бар.

Көзкөргендердің айтуынша, әкеміз Қанапияны жетектеп жаяу Жаркент қаласына барып, жетім балаларға арналған мектепке беріп, өзі елге жалданып жұмыс істейді. Қанапия жеті жасқа толғанда шешесі дүниеден өткен. Әкесі де Жаркентте дүние салған. Әкеден өсіп-өнген Қинаш, Құрмаш, Келдос, Әзиза төрт ағайынды болып таралады. Бұларды «Халық жауының баласы» деп жұмысқа көпке дейін алмаған. Қинаш армияға кеткен соң шешесі Жаңылдық балаларымен қиыншылықты көп көреді. Інілері оқудан қуылған соң жұмысқа араласып, бір інісі Құрмаш тақтай зауытында шаруашылық қызметкері болады.

Соғысқа кеткен Қинаш қолынан аяғынан жараланып, аман-есен үйіне оралады.Өшкеніміз жанғандай қатты қуанышқа кенелген ағайынды туыстар келіп жатты үйге. Осы тұста Қинаштың жан-жары Мәрия туралы айта кетсек.. .Мәрия іс тігумен айналысқан қолы епті жан болған. Жұмыс талғамайтын, мінезі орнықты, біртоға жан еді. Сегіз бала тәрбиеледі. Әкеміз радиодан күнде соғыс барысы туралы хабар-ошарларды естіп тұрды. Жастары он сегізге толған қыздарды еңбек лагеріне жіберіп жатты.

Қанапия оқуын бітірген соң Верныйға барып, білімін ары қарай ұштайды. Орысша-қазақша сауат ашады. Бұрынғы Верный мен Жаркентте есейіп, ер жетіп, әртүрлі қызметтер атқарады.

Революционер болған және облыстық аудандық партия комитеттерінде хатшы болған Ораз Жандосовпен қызметтес болады. Өкінішке қарай, әкемді «Халық жауы» деп ұстағанда аналары бір түнде Оразбен бірге түскен суреттерді бір шұқырға көміп тастапты. Кейін әкесі ақталған кезде суреттерді таба алмай қалған. Өз жұмысын ұқыпты атқарған адамдардың бәрін «халық жауы» деген атпен түрмеге жаба берген ғой. Бұл не деген әділетсіздік? «Үкіметке қарсы шықтыңдар, Қытаймен байланыс жасадыңдар» деп жала жапқан. Шаш ал десе бас алатын жауыз жанкеспелер шетінен атқызып, тірі қалғандарын Сібірге жер айдатқызып, тоз-тозын шығарған.

Қинаш 1916 жылы Жаркент қаласында дүниеге келіпті. 1943 жылы соғысқа аттанып, майданнан жараланып келген соң еңбекке араласады. Ленинград блокадасына қатысқан Қинаш соғыс туралы сұрағанымызда былай дейтін: «Аштыққа да шыдадық, оққа ұшып, қарындары жарылып, ішектерін жинай алмай жанталасып жатқандарды да көрдік»,– деп. Әкей соғыстан кейінгі жылдары Кеген аудандық су бөлімінде бас есепші болды. Жетпіске келгенше қызмет істеді. Соғыс және Еңбек ардагері Қанапиянов Қинаш сексен төрт жасында дүние салды. Асыл әкеден алты ұл бала, екі қыз бала, он алты немере мен он екі шөбере тараған екен. Балалары мен немерелері шетелдерде оқып жоғары білім алған. Енді артында қалған ұрпақтары: Мердияш, Тілеулес, Сәуле, Нұрбақыт, Ержан, Нұржақып, (марқұмдар Зәуре, Тілеуберді, Тілеужан) ардақты да аяулы әкеміздің рухына тағзым жасап, Құран бағыштап 100 жасқа толу құрметіне ас беріп жатырмыз.

Ержан ҚИНАШҰЛЫ,
Іле ауданы,
Байсерке ауылы
Алматы облысы

ЕНЕМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫ ЖАҚСАРТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ ҚАНДАЙ?

«Ерте күнде отты Күннен Гун туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам»

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.

Қадірменді оқырман, Молдағали Матқанның «Айға шағылған найза» атты кітабы қолдарыңызға тигелі отыр. Автор қазақ қыздары мен келіншектеріне (келіндеріне) қатысты бірінші тараудың соңғы жағындағы арнаулы бөлігінде (беттерінде) «Енемен қарым-қатынасты жақсартудың жолдары қандай?» дейтұғын түйткілді сұрақты күллі қазақ жұршылығының назарына жолдаған. Сондықтан да, оның «өмірлік кеңес» деген атаумен барынша жан-жақты қамти отырып жазылған жауабын бере кетуіне байланысты қысқаша айтайын деген тағы да ұтқыр ойлары мен өмірлік түйгендеріне көңіл аударып көрелікші.

Қазақ қоғамында ұл-қыздарын үкілеп өсіріп отырған отбасындағы әке-шешелеріміз бен ата-әжелеріміздің армандары қай заман болса да таусылған ба?! Жо, жоқ. Таусылуы, тіпті мүмкін де емес.

Алайда, атам қазақ «тең – теңімен, тезек – қабымен» демекші, текті, тәрбиелі, адал, сезімтал, көреген, кемел де кемеңгер кісілік келбетімен өсіп-өну өнегелі үрдісін өрбіткен әулетпен ішіктің ішкі бауынан да ыстық, тіпті дәм-тұзы жараспай жас жұбай ажырасып не марқұм болып кеткен күннің өзінде де суысуды білмейтін сырлас мәңгі құда болуды әрбір әке-шеше ерекше күймен аңсайды, армандайды.

Олай болса, тәуелсіз ел атанып отырған бүгінгі һәм қазақ XXI ғасыр сахнасында бәсекеге қабілетті осындай суыспайтын дәрежеде мәңгілік құда бола білетін өнегесі де, үлгісі де орасан зор текті отбастарының өрісін қалай болған күнде де еселей білу, оның ұтымдылығын үнемі қаулата білу, бұл – біздің, қазақтың, ең айтулы ұлттық ең асыл арманымыз, ұлттық ең алтын мұрат-мақсатымыз болса керек. Осынау ұлттық ұлы жолда, яғни келешектегі толайым ұлттық тағдырын шешетін үлкен таңдаудың алдында тұр. Сол себепті бар қазақ тас-түйін күйде жүріп, жатпай-тұрмай бір кісідей жанқиярлықпен күресе білуіміз аса қажет. Бұл – бүгінгі сын сағатының, бәсекелі уақыттың, заманның бұлтартқысыз қатаң талаптарының ең бастысы – осы.

Қалай дегенде де бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әрбір шаңырақтың (отбасының) тек өзіне тән танымдық принципі, өмірлік ережесі, ұстанымы, тәжірибесі болады. Сол сияқты әрбір отбасының ұтымды өмір сүре білуге деген құлшынысты құштарлықтарына лайық ұшқыр көзқарасы, өзге отбастарынан ерекше озық ерекшеліктеріне қоса тұқымдық құндылығы мен асылдығы шоқ жұлдыздай болып жарқырап тұратын артықшылықтары байқалатыны да және озық та ұтқыр өмірлік, тәрбиелік ұтымды үрдістері болатыны да сөзсіз. Әрине, бұны келін өзін өсірген әке-шешесінің отбасымен салыстыра отырып, күйеуінің әке-шешесінің шаңырағындағы жаңашыл да прогрессивті бағытындағы пайдасы зор ақиқатты әділ де турашыл, өнегелі де текті келбетімен анықтай отырып, оның ұтымды не ұтымсыз тұстарын ажырата білу, өзіне қажетті ұтқырлығын тезірек игере білу, оны жетілдіру арқылы меңгере түсу, бұл – жаңа босағаға енген жас келіннің тәлім-тәрбиесіне, ой-санасына, ұлттық намысы мен рухына, танымдық жан-жақты сауатына, талғам-таңдау қабілетіне, әділ де турашыл, көреген де кемел, есті де текті, парасатты кісілік қасиетіне тікелей байланысты екені аян.

Жалпы қазақтың бойжеткен қыздары күйеуге шыққаннан соң өзінің туған әке-шешесін, ата-әжесін мың жылдық құдалыққа құдай қосқаннан кейін, келесі өмірлік сатысында суыспас әрі ажырамас мәңгі құдалыққа (құда-құдағилыққа) қайтқан күнде де айналдыра білу, бұл – менің мінсіз атқару міндетіндегі ең негізі ұлы мақсат-мұратым деп есті де текті кісілік келбетімен өмір сүре білуге мүдделі ме? Яғни келін осынау айтулы ұлы мақсатты қалай болған күнде де іс-жүзіне ұтымдылықпен асыра білудің жолында ерекше мүдделікпен ұтқыр күйде күресе білудің аса қажеттігін дұрыс түсінеді ме? Бұл қажеттілікті әке-шеше қызының ой-санасына, өн-бойына шегелеп сіңіре білуді ұғады ма? Әлде…

XXI ғасыр сахнасындағы әлемдік бәсекелі жарысына дайындықсыз түсуіне орай, оның озбырлығы мен обырлығы шарықтаған заманға тап болуына орай біз, қазақ қауымдастығы жаңаша ойлана отырып, жаңаша толғана отырып, әрбір қазақ өзінің отбасындағы ұл-қыздарымыз бен шәкірттерімізге беріліп жатқан ұлттық тәлім-тәрбие мен оқытқан ілімі-білімінің сапалығы, сондай-ақ ағартушылық қызметтердің және оның елге ең жағымды нәтижелерінің пайдалы коэффициенттері ұтымды не ұтымсыз деңгейін қатаң түрде жаңаша тарақтап сараптайтын, жаңаша көзқараспен бағалайтын сын кезеңінде, қазақтың тағдыры қыл үстінде тұрған күрделі уақытта өмір сүрудеміз. Тәуелсіз ел атанғаннан кейінгі кезеңдерде қоғамымызды жайлаған ұлтсыздық, тәрбиесіздік, ұлттық намыссыздық, тексіздік, опасыздық, күрессіз дүбәралық, мәңгүрттік, яғни жүгенсіздікпен азғындаушылықтың, бассыздықпен күйреудің шектен шыққан жойқынды кесапаттары жылдан-жылға күрделене түсумен неге ушығып барады? Неге?

Текті тәрбие деген ұлы тәңір бар. Байтақ киелі Атамекен, қасиетті ел дегенде, ұлт, халық, ұл-қыз, шәкірт қамы дегенде жан-жақты терең ойлан, опасыз ұйқыдан оян, қазақ! Не үшін, кім үшін жер бетінде тірі жүруді, яғни ең негізгі алтын миссияңды дұрыс түсін, қазақ! XXI ғасыр сахнасында ұл-қызыңды теңдесі жоқ жанқиярлықпен өзге ұлт-ұлыстардан қайтқан күнде де оздыра білуге айрықша міндеттісін, қазақ! Жедел түрде асылдан, қазақ!

Дана халқымыз «Әйел – үйдің құты», «Қыз – елдің көркі», «Ана – ұлттың тірегі» деп пәк перизаттарымыздың болмыс-бітімін ғарышқа самғатуға, дәріптеуге, бастарына ұлы ескерткіш орнатуға, дастандарға алтын арқау етуге лайықты күйде текті де көреген, кемел де кемеңгер кісілікпен тәрбиелеп, өрбіте білгендігі тарихтан белгілі. Жібек, Баян, Құртқа, Назым, Гүлбаршын, Ақжүніс, Еңілік, Мамыр, Ақтоқты, Бегім… сынды сұлулар өнегелі де көркем бекзаттығымен, ақылды да парасатты, мәдениетті де текті кісілігімен, ержүрек батылдығымен бүгінгі ұл-қыздармыз бен шәкірттерімізге үлгі-өнеге емес пе?! Олардан қоғамда, айналасына адал кішілік пен кісілікті, көреген кемелдік пен кемеңгерлікті, еріне серік бола білуді, әулетіміздің, қауымның мақтанышына айналуды үйрене білуіміз қажет.

Олай болса, бүгінгі шектен тыс азғындаумен күйреуге түскен елдікті, яғни қоғамды, ұлтты, ұл-қыздарымыз бен шәкірттерімізді түзетудің қайнар көзі – ең алдымен ұл-қызды, әсіресе қыздарды ерекше ұтқыр күймен тәрбиелей білуден бастау алуы аса қажет. Жаңаша озық күйде өмір сүре білу үшін ең алдымен ұтқыр күймен жаңаша тәрбиелене білуге, асылдана білуге бәріміз де ерекше мүдделікпен құлшына білуіміз қажет. Әрбір әке-шешенің бақыты – ұзатылған қызының барған жерінде судай сіңіп, тастай батып, көктеп көбейе білуінде, гүлдеп көркейе білуінде, демек мәңгілік босағаға енген келін тәрбиелі де өнегелі, ибалы да инабатты, текті де үлгілі, ақылды да парасатты кісілік келбеті, абырой-беделі арқылы танылады.

Осыған орай әлемдік ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фараби бабамыз: «Бір жылдығыңды ойласаң – дән ек, жүз жылдығыңды ойласаң – тал ек, мың жылдығыңды ойласаң – бала тәрбиеле» – деген өміршең айтулы өсиетін қалдырған. Сөздің шындығына келсек, мәңгілік елге айнала білудің, мәңгілік құда бола білудің ең негізгі айтулы аксиомасы – осы болса керек.

Бүгінгі әлемдік бәсекелі сұм заманында, алмағайыпты қауіп-қатерлердің күшейе түсудің ағымында, қазақ шаңырақтарында қыз баланы өсіріп отырған кез келген әке-шеше, ата-әже атаулы Жаратушы Ұлы Иеміз алдындағы, аруақ, қоғам, ұлт, мемлекет алдындағы ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты өзінің ең айтулы міндеттері мен борыштарын, қарыздары мен парыздарын мінсіз күйде атқара білсе, қыздарын ұлттық тұрғысында, елдік, халықтық тұрғысында тәрбиелі де өнегелі, текті де үлгілі дәрежеде жаңаша тәрбиелеп, ұтқыр да озық күйде ерекше ұтымдылықпен өрбіте алса, нұр үстіне нұр болмас па еді, ағайын?!

Әлбетте, сөз жоқ, бұндай ұтқыр да ұтымды ұлттық жаңа үрдіс елге тарап, сүйекке сіңетіні баршаға әлімсақтан аян. Солай болғанда ғана ешкімге де кіріптарсыз тәуелсіз, дербес елдікке сай өзіміздің ұл-қыздарымызбен қазақ әлемге мақтана алатын, мәртебелі мереймен марқаюға қол жеткізе алатын теңдесі жоқ текті заманның, қазақ елінің мәңгілік тұғыры нықталып, айрықша күйде орнығары даусыз.

Қалай айтқанда да бүгінгі кеңестік қазақ елін мәңгілік елге тезірек айналдыра білу үшін ең алдымен ақыл-есі түзу айтулы текті кісілік пен кемел адамгершіліктің негізінде ғана мәңгілік құдалықтың алтын тұғырын күн сайын нықтай білудің, үнемі жетілдіру арқылы оздыра білудің жолында келіннің атқарар рөлі орасан зор

екені ақиқат. Бұндай келінді тәрбиелеп, өрбіте білу үшін ең алдымен ата-аналар мен ұстаздар қауымынан бұрын-соңды болып көрмеген дәрежеде өлшеусіз тер төгуді талап етеді.

Елдігіміз бен ұлттығымыздың келбетінің несін, кімнен жасыра аламыз? Өзге жұрттың бәрі де қазақтың өзінен әлдеқайда жақсы біледі. Ұлтқа төнген қауіп-қатердің ықпалы күннен-күнге күшейіп барады. Біздің бүгінгі таңдағы ұлттық болмыс-бітімге қатысты ахуалымыз ағылшынның ұлы драматургі Уильям Шекспирдің 1600 жылы жазылған «Гамлет» пьесасында бас кейіпкердің аузымен айтылатын әйгілі: «To be, or not to be», яғни «Бола ма, әлде бордай тоза ма?» деген мәңгілік сауалына сарындас келеді. Олай демеске басқаша амалың да жоқ. Кешегі ұлағаты орасан зор есті де текті кісілікпен өткен заманда елге, бүткіл ауылға, ұрпаққа ие бола білген текті ақсақал атаулыны түбегейлі кім құтты? Не үшін құртты?

Ақырында, XXI ғасыр сахнасында ұлттық мәселе қаншалықты ең маңызды, қаншалықты ең жауапты, қаншалықты шетін екендігін уақыттың өзі шүбәсіз күйде дәлелдеп отыр.

Мектеп – пәндерді оқытатын орын ғана емес, шәкірттерді озық күйде тәрбиелей отырып, тұлғалықтың табантасын қалыптастыра білуде міндеті зор қасиетті орын. Сондықтан біз, ата-аналар мен ұстаздар қауымы теңдесі жоқ ұтқыр сары желімдей бір-біріне жымдасумен жабыса білуі аса қажет, алдынан дәріс алған шәкірттерді қайтқан күнде де тұлғалы күймен қаулатумен өрбітпейінше өлмеудің ең ұтқыр жолында айрықша қабыса білуі аса қажет.

Сонымен, өмірлік жан жарың, отбасыңда сүйенішің, тірегің, қамқоршың отағасы – күйеуіңізге жарық дүние сыйлаған анасына, яғни енеңізге деген қарым-қатынасыңыз әрдайым адал да ашық, мейірімді де шуақты, ізгілігі мен игілігі зор дәрежеде болса, отбасы да берекелі әрі мерекелі күйде өнегесі өрби түседі. Үрім-бұтағың да ең жарқын бақытты күй кешеді. Егер ер жігіттің таңдап қосылған өмірлік қосағы ізгі де игі болса, дүниеде берілген жақсылықтардың бірі осы болмақ. Алланың берген нығметтерінің ішіндегі ең үлкені де осы – ізгілігі зор иманды әйел.

Ендеше енеңізге деген адами адал адамгершілік пен тәрбиелі де өнегелі, текті кісілік тұрғысындағы жан жадыратар жақсы қарым-қатынасты ұтқырлықпен тезірек орнықтыру үшін алдымен төмендегі өмірлік кеңеске құлақ түріңіздер:

Ырыс алды – суыспас сыйластық пен ынтымақ, ажырамас ауызбірлік пен өнегесі зор озық тірлік. Енеңізді шынайы адал да мейірімді, ынтымақты да ыстық ықыласпен күліп қарсы алып, күліп шығарып сала білсеңіз ұтасыз;

Ұлыға еліктей білуді де, ұқсап бағуды да, одан үйрене білу де аса қажет. Оның өзгеден озық артықшылығы мен асыл қабілет-қасиеттерін өз бойыңа дарыта білу, бұл – текті де кемел, көреген де тәрбиелі кісіліктің белгісі;

Ұлтсыздық – қасиетсіздік. Надандық – тәрбиесіздік. Сіз өзіңіздің айтқаныңызды істетуге тырысып, «қасарысқан» (қырсыққан) кесірлі тұрпатыңызбен, тұйық мінезді, қатыңқы қабағыңызбен ешнәрсені де өзгерте алмайсыз. Керісінше, Сіз өзіңнің ұлтсыз да тексіз күйдегі тәрбиесіздігіңді, ұятсыз да арсыз сауатсыздығыңды, көрсоқыр да надан адам екеніңізді… бұрынғыдан да бетер айшықтай түсіп, саған деген сенімсіздік пен жиіркеніштi күйді арттыра түсесіз;

Енеңізге мәдениетті түрде ерекше көңіл бөліңіз, шын жүректен жан жадыратар жақсы сөз айтып, өнегелі де үлгілі озық іс-әрекеттеріңізбен көріне біліңіз; Адамды ештеңе де ұтқыр ізгі сөздей серпілте алмайды;

Отбасында қандай да бір келіспеушілік туындаған жағдайда да, дау-дамайсыз, ұрыс-керіссіз өте сабырлы, салиқалы күйде өз пікіріңізді ортаға салыңыз, кейін, мүмкін ойлануға себепші болар; Түйінін шешуі қиын деген ең күрделі мәселені шешудің жеті түрлі жолы бар, тек мүдделі жүрек пен ынталы да ыстық ықылас болса болғаны;

Ұнататын тағамын жиі әзірлеп тұрыңыз;

Өзіңіздің туған анаңыздай көргіңіз келсе, анаңыздай қасы-қабағына қарап, тек шынайы көңіліңізбен құрметтеп, қамқор бола біліңіз; Ол үшін ең алдымен өзіңді-өзің жеңе білудің өнегелі озық үлгісін көрсету ауадай қажет;

Отбасыңда әрдайым ашық та ақ жарқын күймен енеңізбен ерекше сыйлас та сырлас ұстаз дәрежесінде бүкпесіз әңгімелесіп, ақ ниетті көңілмен ақылдасып, күлімдеп жүріңіз;

Өмірдегі қиын дүниенің бірі – адамды тани білу, мойындай білу. Өзіңіздің анаңыздың бойынан кездестіре алмаған озық қасиетті, тәлім-тәрбиеге қатысты өмірлік ұтымды ұстанымы мен тәрбиелік үрдісті енеңіздің ой-санасынан, өн-бойынан байқай білуді үйреніңіз және оны айшықтау арқылы мақтау-мадақтау қошеметімен көрсетіп, көбірек айтыңыз, қажетті тұста ақыл-кеңесін айтып жатса, ынтық ықыласпен тыңдаңыз және оларды іс-жүзіне асыруға асығыңыз;

Күнделікті тіршілікте ерте тұруға дағдыланыңыз, өйткені күні бойы сергек жүруге ықпал етеді;

Тәрбие туған күннен басталып, көрге кіргенде ғана бітеді. Өзіңді-өзің үнемі текті ізденімпаз да көрегенді ұстаздықпен тәрбиелей біліңіз;

Әділ бола білу – адал да арлы адамдық пен таза да текті кісіліктің белгісі. Ар алдында – үнемі дардың алдында тұрғандай күйді ерекше сезіне жүріп, ешкімге де ешуақытта өтірік айтпаңыз. Кісіге нақақтан-нақақ жала (әсіресе айтпаған сөзді айтты деу, істемеген нәрсені істеді деу) жабу – кешірілмейтін ауыр әрі қауіпті қылмыс. Қашанда өзгені (енеңді) кінәламас бұрын, ең алдымен өзіңнің тарапыңнан жіберілген қателіктер мен опасыздықтарды таба білуге тырысыңыз, олардың себеп-салдарын анықтай білуге күш салыңыз;

Қиын-қыстау сәттерде енеңізге шынайы адал жүрегіңізбен қолдау көрсетіп, ұтқыр күйде пана бола біліңіз;

Енеңізге соңғы рет қандай ой-сананы тебіреніске түсіріп, жүректі жылытар ізгі сөз айтқаныңызды еске түсіріңіз;

Енеңізбен соңғы рет қашан ашық-жарқын күйде сырласыңыздай сыр-сұхбат құра білгеніңізді еске түсіріңіз;

Қонақ – атаңнан да үлкен. Қонақ күткен кезде де ашық та жарқын, ақ көңілді күймен күтіңіз;

Ұйыса білгеннің ұпайы түгел. Сіз үнемі әдепті, тәрбиелі, ибалы да инабатты, текті де бекзат мінезді күйде болсаңыз, енеңіздің де жүрегі жылып, қарым-қатынасы жақсара түсетіні сөзсіз;

Ит қабады, тойынса, Күйе жағар таза адамға. Құрбыларыңызға, туыстарыңызға, әсіресе әке-шешеңізге… енеңізді, күйеуіңіз шыққан әулетті ешқашанда жамандамаңыз; Жауды да досқа айналдыра білу мақсатында да текті де кемел кісі бола біліңіз;

Адамда жібімейтін, иімейтін жүрек болмайды. Тіпті қатыгез жүрек, тас жүрек дегеннің өзін қайткен күнде де жібітуге, иітуге деген келіннің тек ерекше мүдделі жылы да мейірімді, адал да таза, ақ ниетке толы ынталы да ыстық, есті де текті жүрегі болса болғаны;

Есті де текті келін отбасында болуға міндетті ынтымақты бірлік пен берекелі ырысты еселеу мақсатында бар күш-жігерін, ақыл-парасатын сарқумен жұмсайды, ұлтсыз, тексіз, ақымақ… тек кесірлі істерді еселеуге жұмсайды, арандатушылық әрекеттерін қалайда алаулата түсуге құштар болады;

Өнегелі кісілік пен жаңашыл бағытындағы құлшынысты қайткен күнде де оздыра білу мақсатында үнемі ізденімпаз да талғампаз, зейінді де тәрбиелі, текті де көреген, бекзат мінезімен прогрессивті бағытты ұстана білген келіннің қолына бақыт құсы өзі келіп қонады.

Қазақтың текті қауымы: «Тегі жаман тойда «тонымды бер!» дер» десе, «ойы жетім, көкірек көзі соқыр, қуыс кеуде, ұлтсыз, тексіз, ар-намыссыз, надан, кеще… жандар: «Бәрі де тағдырдан!» – деп өзін-өзі тек алдарқатумен, алдастырумен әлек болады» дейді. Есті қазаққа ойшыл Абай: «…Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма» деуі осыдан болса керек.

Реті келгенде айта кеткен жөн болар. Біздің халқымыздың ділінде (менталитет) жамандықты жасырып, жақсылықты асыра білу дейтін бар. Бұл, әрине, өте жақсы қасиет. Алайда жамандықты қанша жасырсақ та, ененің кесірінен ажырасып жатқан отбасы аз емес. Бірақ енелер түзелмейді, «жасым үлкен, менікі дұрыс» деген өзімшіл опасыз сылтаумен өз қателіктерін мойындамайды. Бұл – шындығына келгенде, ененің тексіздігін, тәрбиесіздігін, опасыздығын, надандығын… айғақтап, өзін-өзі көпке әшкерелеуге түсірмей қоймайтын ең сорақы әрекет. Сондықтан ұл-қыздарымыздың алаңсыз өсіп өркендеуі үшін кім-кім болса да, бұндай келеңсіздік пен опасыздықты қалай болған күнде де болдырмауға қатысты ақыл-есі түзу, өз ұрпағын жанындай ерекше күйде сүйе білетін, есті де текті ене болса, өзімшіл опасыз әрекеттердің ақырында душар болатын қасіреттерді де жан-жақты терең ойланғаны, міндетті түрде жөнге түскені және келінге өнегелі жолда жүре білудің ең озық ұтымды үлгілерін көрсете білгені, сондай-ақ үнемі жетілдіру арқылы оздыра білуді үйрете білгені абзал.

Қалай десек те, қаласа да, қаламаса да енесі екеуінің арасындағы қарым-қатынасты иманды да текті, ақылды да парасатты кісілік келбетімен қайткен күнде де жақсарта білу ең алдымен келінге жүктеледі.

Қысқасы, келешегім, Алаш баласы, қайран қазағым, қамшы сабындай қысқа ғана өмірді мәнді де сәнді, өнегелі де үлгілі күйде озық дәрежедегі ұтқырлықпен өткізе білу, ұтымды күймен өрбіте білген ұл-қыздарымыз, шәкірттеріміз арқылы күллі әлемге мақтана білу, мәртебелі абыроймен марқая білу, бәрі де өз қолдарыңызда. Ешқандай жақсылық зая кетпейді.

Кез келгенге, әсіресе ұл-қыздарымыз бен шәкірттерімізге айтылар ойлар көп. Оларға айта беру керек, айта беру керек. Ызың керек, елін, ұлтын, ұрпағын, шәкіртін жанындай ерекше күйде сүйе білетін азаматтар, әсіресе ата-аналар мен ұстаздар, ызың керек! Біреуі болмаса, біреуі құлақта қалады.

Ең бастысы – жастарымыз ата-бабалар аруақтары алдында рухы асқақ көрініп, ұлттық арына дақ түсірмей, кір шалдырмай, байтақ елін, ұлтын, халқын, әке-шешесін қара жерге қаратпай, әулеті мен қауымның мақтанышы бола білуіне тәрбиеленер дәуір келер. Бұл үшін бүгінгі қазақ елінде көпірме сөзден – ұлағаты орасан зор ұлттық нақты өнегелі озық істерге көше білудің сын сағаты соққалы қай заман. Сөздің шыны керек, біз, қазақ қауымы, киелі жерді, қасиетті елді қорғай білу дегенде, ұлт, ұрпақ, шәкірттің қамы үшін аттан белін бр сәтке де шешуге түспес жанкешті күрескер, адал туған толық адамға, кемеңгер көсемдікке айрықша күйде зәруміз.

Молдағали МАТҚАН

(Соңы. Басы өткен санда.)

АВТОР. РЕДАКЦИЯ ПОЧТАСЫ. ХАТҚА ЖАУАП

– Кішкене толықтырайын. Біріншіден, бала автордың жазғансызғандарын қарап тастау уақыт мүмкіндігіне байланысты. Уақыт мүмкіндігі болса, бала автордың шаруасын табанда тындырған жақсы. Жазған-сызғандары ыңғайға келсе: «Тастап кет, айналайын, көреміз», – деп, көзіне үміт сәулесін жаққан жақсыдан да жақсы. Ыңғайға келмесе: «Талабың таудай екен, жаза бер, келіп тұр», – деп жылы сөзбен шығарып салады. Қолына кітап па, әлдене ұстатып жіберсе тіпті құба-құп.

Журналистің кәсіби әдебінің бір қайырлысы – авторларға хат жазу мәдениеті.

Хат қай жастағы авторға қалай жазылады? Әдеп-мәдениет тұрғысынан бұл сұрақтың да талай қалтарысы бар. Авторлар: әлбетте, әр жастағы таныс-бейтаныстар, студент жастар, мектеп оқушылары.

«Балаға баланың тілімен сөйле» деп халық үйреткендей, біріншіден, әр хаттың қаратпа сөзі әрқалай. Мектеп оқушысына «қадірлі», «қадірменді», «аса қадірлі», «мәртебелі», «аса мәртебелі», «жоғары мәртебелі», «құрметті», «мырза», «ханым» деп жауап жазу әдепке жата ма? Жоқ, әрине. Балаға ең жақын сөздер: «Айналайын», «қарағым», «шырағым». Немесе атымен атау. Яғни, хаттың ең бастапқы қаратпа сөзі: Серік! Сергей! Талғат! Бауыржан! Не болмаса: «Жас дос, Серік!», «Сүйкімді дос, Сергей!», «Жас тілші, Жанар!», «Өнерпаз Өмірбек!», «Жас талапкер, Жарас дос!» т.б.

Баспа, редакция – ресми орын. «Айналайын», «қарағым», «шырағым», «інім», «қызым» деген қаратпа сөздердің жиі қайталана бергені де орынды бола қоймас. Сондықтан есімінен басталғаны жөн.

«Құрметті» – үлкен сөз. Бұл үлкен сөзге кез-келген бала, әрине, мән бермейді.

Хат дәлелді, сыпайы тілмен жазылуы керек. Хат жазған адамның ақыл-парасаты, білімі, білігі, ой-өрісі хаттан көрініп тұрады. Айталық, қолжазба пайдаланылмады. Не себепті пайдаланылмады – дәлелдеп жазу парыз. Бір мысал:

«Құрметті Құрал Тайыров мырза!

Қолжазбаңызбен таныстық. Дерек көздері жете зерттелмегенге ұқсайды. Сондай ретпен пайдалана алмадық. Қатысып тұрыңыз. Сәлеммен…»

Хаты көп газеттің – қанаты көп.
***
Таудай факті таудай оқиғаға апарады.
***
Елгезек тілші етігіне маза бермейді.
***
Жақсы тілші жайдарыланып келеді,
Жаман тілші айбарланып келеді.
***
Мылжың тілшінің сұрағы таусылмайды.
***
Жас журналист – жасқаншақ,
Зердесіз журналист – мақтаншақ.
***
Есірген журналист еріксіз өтірік айтады.
***
Жақсы журналист жаңашыл келеді.
***
Сылбыр редактор сипақшыл келеді.
Сылдыр редактор цитатшыл келеді.
***
Авторсыз газет – аққусыз көлмен тең.
Әзілхан Нұршайықов

Тапсырма.

Қызмет этикасы ережелері. «Егемен Қазақстан», 20.03.1993 ж.

Ғабит Мүсірепов. Журналистік этика жайлы. «Егемен Қазақстан», 31.10.1997 ж.

М.Әлімбаев. Редакторлар да әрқилы. «Мәдениет» журналы, №20-21, 1993 ж.

Нестеренко С. Говорим «чиновник» – подразумеваем «этика». «Казахстанская правда», 17.07.2004 г.

6-ТАҚЫРЫП: СӨЗ ӘДЕБІ ЖӘНЕ НОРМА

Әрбір жақсының өлшеуі бар, өлшеуінен асса жарамайды.
Абай

Норма – үлгі, заң, ереже, тәртіп, жөн-жоба, нобай мағынасындағы латын сөзі. Ауыспалы мағынасы: шек, шама, тең, деңгей, қалып, өлшем, мөлшер, қана.

Шек: шектен шықпау, шектен аспау;

Шама: шамадан аспау, шаманы байқау, шама-шарықты білу;

Тең: тең бөлу, теңдей бөлу, қылдай бөлу, қақ бөлу, қақ жару;

Мөлшер: мөлшерлеп беру, мөлшермен ішіп-жеу;

Қана: қанадан аспау, мөлшерден артық кетпеу;

Қалып: қалып сақтау, қалыптан шықпау / Ол көп өзгермейтін, құбылуды білмейтін бірқалыпты адам/.

Деңгей: теңіздің деңгейінен жоғары, төмен.

«Жауынгерлік әзірлік қай деңгейде?», «Айтыс деңгейі – ауылдың алты ауызы».

Норма, нормативтің бір мағынасы – өлшем, өлшеуіш.

Өлшем: салмақ өлшемі, қашықтық өлшемі, тереңдік өлшемі, ұлттық ұғымдағы ақыл-ой, парасат өлшемі, ғылыми-математикалық өлшем.

Мағына жағынан нормаға ең жақын термин – критерий. Кей жағдайда бұл екі сөз бірінің орнына бірі қолданыла береді.

/«Сенің бұл айтқандарың нормаға келмейді». – «Сенің бұл айтқандарың оның критерийі емес»/.

Қазақтың ұлттық ұғымдағы ұзындық өлшемдері қалай аталады? Адым, қадам, аттам, табан, шақырым, аршын, әудемжер.

Әудемжер жүре алмаймын аяғымнан,
Ұстаймын екі қолдап таяғымнан.
/Ақан сері/

Бой, кісі бойы /1,70 - 1,75 метр шамасы/, белуар /аяқтың басынан белдікке дейінгі аралық. – 1м. 35см/, қарыс /бармақ. – 33-34см/, сүйем, бір сүйем /бармақ пен сұқ саусақты кергендегі аралық – 21-22см/, сынық сүйем /саусақ пен бас бармақтың аралығы, - 17-18см/, елі, екі елі, үш елі, төрт елі /қатар тұрған 4 саусақтың еніне тең – 8см/, бармақ елі, шынашақ елі, тұтам т.б.

Әрмен қарай: көш жер, ит өлген жер /«Жақсы ит өлімтігін көрсетпейді»/, ит жеккен жер /«Ит жеккенге айдалып кетіпті»/.

Халық ұғымында «ит жеккен жер» – Сібір.

«Ит жеккен жер» – «ит өлген жер» емес. «Ит жеккен» – қашық, адам аяғы жете қоймайтын жер. Сталиндік зобалаң жылдарында адамдар сол «ит жеккенге» айдалған.

Қазақ халқының ендігі бір өлшемі – «кісі бойы». Су шыққанға дейінгі құдықтың тереңдігі – кісі бойы, екі кісі бойы аталады.

Қазақтың тағы бір ұлттық өлшемі: белуар. «Өткелдің суы белуардан екен», «белуардан кешіп өтті», «шөп, егін белуарға келіпті, аттың бауырынан келеді екен» деп жатамыз. Тайыз, бітік мағынасында.

Арқан. «Күн арқан бойы көтеріліпті.»

Уақыт өлшемі: бие сауым уақыт, қас-қағым сәт, көзді ашып-жұмғанша / секунд/, сүт пісірім уақыт.

Қосылғыштардың немесе көбейткіштердің орындарын ауыстырғаннан қосынды да, көбейтінді де өзгермейді. Шақырым мен километр бұған кереғар. Адамдар оған қарамайды, ауызға қайсысы бұрын түссе, соны айта салады. Метр мен адымды да солай айта саламыз, жаза саламыз.

Адым жай жүріспен бір басқан екі аяқтың аралығы немесе 60 сантиметр шамасы.

Құлаш, кере құлаш деген де өлшем бар. Кере құлашымыз 1 метр шамасы. Немесе 70-75 сантиметр.

Үнді жерінде дүниеге келген шығыс халықтарының ортақ мұрасы- «Ману бақтары» әдеп кодексі саналады. Кодексте қыз баланың 64 түрлі өнер-білім, іскерлігі жайында айтылған. Күлтегіннің өнегелік жазба жәдігерліктері, Ахмет Югнакидің «Ақиқат сыйы», Жүсіп Баласағұнның «Құдатқу білігі», Қорқыт баба мен Ұлықпан Хакімнің насихат сөздері, ұлы жыраулар мен аттары аңыз болған Аяз би, Жиренше, Қожанасыр, Алдаркөсе, Асанқайғы бабалардың әңгіме-өсиеттері – бәрі-бәрі әдеп кодекстері.

«Аяз би, әліңді біл. Құмырсқа, жолыңды білді» қалай түсінеміз? Әдеп тұрғысынан онда «Көрпеге қарап көсіл» деген тұспал жатыр.

Ұлықпан хакім «үш мыңдай насихат сөз жаздым. Соның үшеуін ғана бөліп алдым. Олар: Алланың бар екенін, ажалдың бар екенін ұмытпау және елге, халыққа, біреуге жасаған жақсылығыңды ұмыт, міндетті қызметіңді міндетсімей атқар» депті. Халық: «Жақсылық жасасаң – жасыр, жақсылық көрсең – асыр» дейді. Моральдық кодексіміз осы!

Тағы да Ұлықпан Хакім бабаға жүгінейік.

«Құдайдан қорқып, халыққа ынсаппен қарап, үлкендерге қызмет, кішілерге шапағат, дәруіштерге рақым, дос-жарандарыңа кеңес, дұшпандарыңа жұмсақтық, қыз балаларға сабыр, ғалымдарға тағзым қылып өмір сүр. Біреудің малына көз сүзбе» /«Ана тілі», 18.05.1995ж./. Норма. Кодекс.

Әдеп, әсемдік әлемінің келесі өлшем, өлшеуіштері – заң ережелері: канон, құжат, уставтар. «Адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды» / Қазақстан Республикасының конституциясы, 17-бап/.

Өмірде?

Әдеп, әсемдік әлемінің келесі өлшем-өлшеуіші - халықтың қанатты сөздері.

Әдеп-әсемдік әлемінің тағы бір өлшем, өлшеуіші бұрынғы, соңғы ұлы адамдардың ұлағатты сөздері, ой-тұжырымдары /«Ұлы адамдар ұлы категориямен ойлайды»/.

Әкесіз ұлдың ауызы үлкен.
/Қазақ халық даналығы/

Ақымақтардың ұстазы сөз емес, бақытсыздық.
/Демокрит/

Көптеген адамдар жақсы нәрселер айта алады, бірақ тыңдай білетіндер тым аз, өйткені бұл үшін ақылдың күші қажет.
/Рабиндранат Тагор/

Заман азса, тіл сөйлемес, пұл сөйлер,
Адам азса, діл сөйлемес, жын сөйлер.
/Мұзафар Әлімбаев/

Әр халықтың тиым сөздері де әдеп әлемінің өлшеуіші. Өйткені, әр тиым сөздің тұла бойында «олай айтуға, олай жазуға болмайды, олай етуге болмайды» дегендей тәртіп ережелері жатыр.

– Буаз малды қуаламайды. Неге? Іш тастайды, обал.

– Ұрлық жасайтын, өтірік айтатын адамға мал бағуға болмайды.

– Адамы қайтыс болған үй бірнеше күн қазан асып, тамақ пісірмейді.

– Күлді күн батпай төгеді. Неге?

– Отты аяқпен тебуге болмайды. Неге?

– Малдың алдынан бос ыдыспен шығуға болмайды. Неге? Емексиді. – Сойылған малдың қанын түлік көзінше, әсіресе сиыр малына көрсетіп төкпейді. Неге?

– Малды балағаттап, айқайлап қуалауға болмайды./Жақсы сөз естігенде мал екеш малдың да жаны кіреді. «Әукім, әукім» деп әукесін қасыса сиыр жақсы ииді/.

–Қолды артқа қайырып ұстап жүруге болмайды. Неге? Жаман ырым. Түрмені шақырады. Тұтқын…

–Бүйір таянып отыруға болмайды. Неге? Жаман ырым. Күйеуі қайтыс болған әйелдер бүйірін таянып жылайды. Жоқтау айтады.

–Ауылға атпен шауып келуге, үйге жүгіріп кіруге болмайды. Неге? Жаман ырым. /«Жау!» «Жау!» «Өрт!»/.

Ұлттық жөн-жоралғылар және нормалар

Біреумен сөйлескенде бетіне қадалып қарап, тақалып тұрма.
***
Кемтар адамға күлме.
***
Біреудің дүниесіне қызығып, ішегіңді тартпа.
***
Сынған, жоғалған нәрселеріңді айтып зарлай берме.
***
Сұраншақ болма.

(Жалғасы бар)

(Жалғасы. Басы өткен сандарда.)

«МҰҢДЫ МӘРТЕБЕ» ЖӘНЕ МАСЫЛДЫҚ ҚАТЕРІ

Сапабек ӘСІПҰЛЫ

Жиырмасыншы ғасырдың қырқыншы жылдарында Қазақстан Ленин комсомолынан тәрбие алған, сол қырқыншы жылдардың соңы мен елуінші жылдардың басында Лениндік Коммунистік партияның қатарындағы мүшесі болып, пенсия жасына жеткенге дейін, яғни, табаны күректей қырық жыл бойы оның отымен кіріп, күлімен шыққан біздің Америка елдері мен Австралия, Оңтүстік Африка Республикасы билеушілерінің байырғы халықты «резервацияларға» қуып тыққаны туралы жазылғандарды оқығанда, естігенде төбе шашымыз тік тұратын. Ел ішіндегі саяси құқықсыздық пен экономмкалық, әлеуметтік теңсіздіктің барып тұрған жексұрын көрінісі — «резервациялар» мәртебесін (статусын) кілең қазақтар тұратын аудандарға беру керек деп талап қою көп адамның ққлағына түрпідей тиетіні де рас. Шындықты мойындамасқа болмайды. Казақ аудандары «Казақ резервациялары» атты барып тұрған мұңды мәртебені алуға тиіс. Бұл жайды Абай темендегіше пайымдаған ғой:

Түзу кел, қисық-қыңыр, қырын келмей,
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмсй.
Шу дсгендс құлағың тосаңсиды,
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,
Тағы айта бер дейді жұрт тыным бермей.

Біреу ұғар, біреу ұқпас. Ұққысы келмейтіндер де табылмай қалмас. Дей тұрсақ та, зейін қойып, елең ете қалатындар да баршылық екені рас. Азды-көпті мәні бар ұлтымыздың болашағына қатысты сөздер алдымен соларға арналып айтылады да «резервация» деген соншалық мұңды мәртебені алғаннан қазақ ауылдарына келер қаншалықты пайда бар? Ондай мәртебенің жоқтығында «Қазақ резервациялары» қаншалыкты зиян шегіп еді? Әлде, шаруаға, жалпы тіршілік атаулыға жарамсыз жерлерде ең берісі 70-80, әрісі екі-екі жарым ғасыр бойы тұрып келе жатқан қазақтар бұдан былай «резерваций» деген халықаралық терминді күнде айтып жүрмесе басы ауыратын қырсыққа ұшырады ма? Бұл сұрактарға жауап бермесек қазақтардың болашағы туралы әңгіменің тұздығы татымайтыны анық. Мұңды мәртебенің мәнін түсіну үшін оның күнгей жағын да, көлеңке жағын да көкі рек көзімен көріп, көңілге түйген жақсы.

Жер кадірін жақсы білген баба қазақ «Жері байдың – елі бай» деді емес пе, жерің қаншалықты кедей болса, өзің соншалықты кедей болатынын айтпасаң да түсінікті. Ал «резервациялар» дегеніміз Америка, Австралия елдері мен Онтүстік Африка Республикасы отаршылдарының қоныстануына, пайдалануына жарамағандықтан байырғы тұрғындарға қалдырған кәдімгі «құдайдың қарғысы» тиген жерлер ғой. Резервация тұрғындары жаны мен тәнін қанша қинап, қанша тер төксе де жарамсыз жер жарытып өнім бере алмайды. Сондықтан да өкімет органдары оларға көмектесіп тұруды, бюджеттен белгілі бір мөлшерде қаржы бөлуді мойындарына алған. Мысалы, (Америка Құрама Штаттарында округтік бюджеттер мен федералдық бюджеттен резервацияларға олардың өздерінің табыстарымен салыстырғанда екі-екі-жарым есе артық қаржы беріледі. Отаршылдар байырғы тұрғындардың жақсы жерлерін тартып алған кінәларын жуып, ар алдында ақталу үшін осындай бір ізгілікті шара қолдануды жөн керген.

Олай болса, шөл және шөлейт даланы, экологиялық апатты аймақтарды «қазак резервациялары» деп танып, заңдастыру ондағы тұрғындардың қажетті жеңілдіктер мен тиісті төлем талап етуіне мүмкіншілік береді. Ол жеңілдіктер қандай дейсіз ғой.

Б і р і н ш і д е н, «резервация» тұрғындары табыстарынан алынатын салықтан босатылады.

Е к і н ш і д е н, коммуналдық қызмет – электр энергиясы, отын үшін төленетін ақыдан босатылады.

Жеңілдік алғаны дұрыс делік. Сонда төлем – компен¬сация не үшін беріледі?

Б і р і н ш і д е н, «Қазақ резервацияларында» тұщы су жоқ. Болмашы

барының өзі айдамал. Өркениетті ел шөл зарын тартқандарға төлем бермей тұра алмайды.

Е к і н ш і д е н, «Қазақ резервацияларында» атмосфералық жауын-шашынның көпжылдық орташа мөлшері нартәуекел егіншілік аудандарымен салыстырғанда екі-үш есе аз. Демек, ауасы екі-үш есе құрғақ. Оның есесін қаржы, материал есебімен толықтырмасақ, қолдан жаңбыр, қар жаудыра алмайсың ғой.

Үшіншіден, «қазак резервацияларында» жерінің топырағы ащы, құнарлы қыртысы жоққа есеп. Бар дегеннің өзінде қалыңдығы бір-екі еліден аспайды. Оның өзі малдың тұяғы, машина, тракторлардың доңғалағымен үгітіліп, ұшып жатыр. Ауылдардың айналасы тақырға айналып барады. Осы тапшылықты да ақшамен өтеуге тура келеді.

Төртіншіден, «қазақ резервацияларында» бау-бақша, оның өнімдері: алма, алмұрт, тағы баска жемістер мен көкөніс атаулы атымен жоқ. Ғалымдардың айтуына қарағанда, адамға ас болатын өсімдіктердің ұзын саны 250-ден асатын көрінеді. Қазақ байғұска соның ең болмағанда дені дұрыс бесеуін бұйыртпаған құдайға не дерсің. Сол құдайдың бермегенін Қазақстан Республикасының өкіметі беріп, орнын толтырмаса, қазақтың жоғын кім жоқтайды?

Бесіншіден, «қазақ резервацияларында» тұратындардың зейнетақысы жоғарыда аталғандағыдай, табиғат климат қайырымсыздығы ескеріліп, тұрмыска қолайлы жері тұрғындарының зейнетақысымен салыстырғанда бір жарым-екі есе артық тағайындалуға тиіс. Әлеуметгік әділдік, адамгершілік, иман қағидалары өкіметтен осыны талап етеді.

«Қазақ резервациялары» тұрғындарына осынша жеңілдіктер жасап, бір емес, бес түрлі төлем-компенсация беру үшін Қазақстан үкіметі қаржыны, азық-түлікті қайдан алады? Күні бүгін кассасында басы артық ақша жок. Ертең болар-болмасы екіталай. Қабылдануы қабылданып, орындалуы ұмытылып қала беретін көп заңдардың бірі болып жүрмесе жарар.

Қайрат пен ақыл табылса, «Қазақ резервацияларына» қамқорлыққа жұмсалатын қаржы да, азык-түлік те, материал да табылады. Ол үшін Қазақстан үкіметі:

Өнеркәсіп орындарына, жарамды жерлердегі ауылшаруашылық кешендеріне «резервация салығы» деп аталатын ерекше салық сала алады. Сонымен қатар мұндай салықты бауырлас түркі халықтарынан басқа ұлттар мен ұлыстардың бәріне де салуға болады. Біреудің жарамды жерінде тұрады екенсің, жаман жерде тұратындарға қол ұшын беру әділдік талабы екенін осылай еске түсіріп тұрган жақсы.

Негізгі мақсат: қазақтардың қазіргі қоныстары шаруаға жарамсыз, қонысқа қолайсыз екендігін ескере отырып, оларды жарамды жерлерге көшіріп қоныстандыру ғой. Сондықтан да «қазақ резервациялары» мәртебесі қазақ аудандарына олардың тұрғындарын жарамды жерлерге орналастыру ісі аяқталғанға дейін, яғни, уақытша берілуге тиіс. «Резервация» тұрғындарын ешқандай жеңілдік те, төлем де құрып кетуден сақтай алмайды. Жалқау да енжар қазақ жеңілдік, төлем дегендерге сеніп, бұрынғыдан жаман жайбарақаттанып, қырылып біткенше сол «резервацияларында» қала беруі де кәдік. Мерзім белгілеу – қоныс аудару шаруасын тездету үшін керек.

Құлдық пиғыл жаман екені, оны жеңу үшін көп күш-жігер жұмсау керек болатыны белгілі. Құлдық пиғыл дегеніміз тәуелділік, шарасыздықтан туып қалыптасады да жасқаншақтық, үрейшілдік сезімді күшейтіп жібереді. Соның өзінде оның теңдікке, бостандыққа ұмтылу талабы жойылып кетпейді. Өршіл мақсат қайратын қайрап, жігерін жанып дегендей, кезі келген жағдайда бұлқынып, бұғауды үзуге дайын тұрады.

(Жалғасы бар)

«ТАРИХ-И РАШИДИ» ПЕНДЕШЛІК БҰЛАУЫНА БАТПАУЫ ТИІС

«ҚазАқпарат» баспасының М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты кітабын Қазақ хандығының 550 жылдығына арнап кітап-альбом етіп шығарамыз деген ақпараты шын мәнінде Мәдениет және спорт министрлігін жаңалық енгізгендей шатастырған. Қазақ халқының тарихындағы белгілі шығармаларды айталық, М.Әуезовтың атақты «Абай жолы» эпопеясын, С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты мемуарлық романын, С.Мұқановтың «Өмір мектебі» трилогиясын белден баса, ішіне суреттерді жапсырып кітап-альбом етіп бастыруға бола ма?! Сондықтан «ҚазАқпарат» баспасының М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты әдеби-мемуарлық роман-дилогиясын қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде белден баса отырып, күштеп, жалған кітап-альбом етіп бастыруы бұл – мемлекеттік мүдде тұрғысынан емес, мемлекет қаржысын қарпып қалу мақсатында жасалған, кітап басу мәдениетінде бұрын-соңды болмаған олқылық.

2015 жылғы мамыр айында басылған бұл кітаптарды зиялы қауым, дулатитанушылар тарапынан сынға ұшырамас үшін, жылдың соңына дейін жасырып келді, кітапханаларға өткізбеді. Қазір анықталып отырғандай, біріншіден, М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашидиінің» 2003 жылғы басылымы орыс тілінен аударылған, аудармашысы – М.Қазыбек. Ал «ҚазАқпарат» баспасының директоры Қ.Ботбаев, парсы тілінен аударған И.Жеменей деп көрсеткен «Тарих-и Рашидидің» екінші басылымын М.Қазыбектің рұқсатынсыз басып шығарған, бұл – ұрлық, плагиат деген сөз. И.Жеменей «Тарих-и Рашидидің» бастапқы тарауларын парсы тілінен шала-шарпы, кісі түсініп, ұғып болмайтындай етіп «аударып», 2003 жылғы орыс тілінен аударылған басылымға қосқан, сондай-ақ сол кітаптағы материалдың кейбір тарауларына қате, бұраланған түзетулер енгізіп, парсы тілінен аударылғандай етіп көрсетуге тырысқан.

Екіншіден, М.Қазыбектің авторлық құқығын аяққа таптап, оның еңбегін келісімінсіз сыртынан иемденіп, жариялаған бұл еңбек, қажетсіз суреттерге толтырылып, миллиондаған оқырманға альбом-кітап болып ұсынылды. Кітаптың пішіні 84х108, 1/16, өте үлкен формат, әрі ауыр, бір кітап 2 кілә тартады, тиражы – 4000 дана. Мемлекет қаржысына жең ұшынан жалғасқан сыбайластықпен «ҚазАқпарат» баспасының директоры Қ.Ботбаев көзояушылық жасап, құндылыққа да, оның алғаш аударған М.Қазыбекке де қиянат жасаған.

М.Қазыбектің 2003 жылғы орыс тілінен аударған нұсқасын И.Жеменей 2015 жылы парсы тілінен аудардым деп жариялаған. Миллиондаған оқырманға ішіне өзінің сауатсыз «аудармаларын» тықпалап, Дулати солай жазғандай етіп көрсеткісі келген. И.Жеменейдің өзі «Тарих-и Рашидидің» парсы тілінен аударған тарауларын мүлде түсінбей теріс, бұрмалап тәржімалаған. Тойға арналған кітап қаптаған қатемен, сауатсыз етіп басылған, себебі не редакторы, не корректоры жоқ, не ғылыми ортада талқылаудан өткізілмеген. Мұндай түсініксіз әлі «аударма» кітап бұрын-соңды елімізде жарық көрген емес. И.Жеменейдің парсы тілінен аудардым деп көрсеткен М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашидиі» шын мәнінде орыс тілінен аударылған 2003 жылғы басылымды ұрлау болып табылады.

И.Жеменей қай қолжазбаны негіз етіп аударғанын (Ташкент, Душанбе) көрсетпейді, қолжазбаның беттерін де кітаптың бүйіріне қоймаған, оның үстіне ғылыми сараптамасы да жоқ. Тарихи мұраға деген жауапсыздық жаныңызды титіркендіреді.

М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашидиінен» жалған кітап-альбом жасау үшін Қ.Ботбаев пен И.Жеменей не істеген десеңші! Ең алдымен «Тарих-и Рашидидің» қазақша плагиат нұсқасына қандай суреттер берілген, соған тоқталайық. Сол берілген суреттердің «Тарих-и Рашидиге» қатысы бар ма, жоқ па, соны қарайық. «Тарих-и Рашидидің» бірінші кітабына 37 сурет берілген. Ең алдымен, өкініштісі сол, кітап авторы М.Х.Дулатидің суреті берілмей қалған. Оның орнына Елбасының суретін беріпті, бұл Елбасының өзі де ұнатпайтын жағымпаздық болып шыққан. Дүние жүзіне аты мәшһүр ғұлама, жазушының атын ұмыт қалдыру әдеп пен әдетке, этикаға жат нәрсе, ұлы тұлғаның рухын сыйламау болып табылады. Екіншіден, ә дегеннен-ақ кітапқа суреттерді талғамай, ойланбай кіргізуден көңіліне кірбің ұялайды. Кітаптың 17-бетіндегі Тоныкөк жазуы қашалған тастың кітап суретінің мазмұнына мүлдем қатысы жоқ. Сондай-ақ, 20-беттегі «Тамғалы тас» та сондай, 59-беттегі «Қостұра тауы етегіндегі таңбалы тас» (екі сурет); айдалада тұрған түйенің суреті; 75-беттегі «Сорпаға арналған XIX ғасырдың басындағы Ресейдің Кузнецов зауытында жасалған ыдыс»; 38-беттегі «Садақ пен жебе»; 35-беттегі «Дулыға»; 93-беттегі «Қалқан»; 112-беттегі «Мұрақ»; 129-беттегі «Алтын жалатылған дулыға (XVIIIғ.)»; 133-беттегі «Шыңдабыл»; 139-беттегі «Тудың басы» суреттерінің не қандай қатысы бар екен деп ойлайсың. Этнографиялық құнды материалдарды «Тарих-и Рашиди» атты әлемге әйгілі кітапқа талғамай орынсыз, жөнсіз берудің ешқандай мән-мағынасы жоқ, себебі олардың тақырыпқа ешқандай да қатысы жоқ. 26-беттегі «Шайқас»; 48-беттегі «Шайқас»; 51-беттегі Жалаладдин Хорезм шаһ суреті; 64,69-беттердегі Жошы, Батый хан суреттері; 80-беттегі Орда Ежен; 90-беттегі Өріс хан; 126-беттегі Жәдік сұлтан; 130-беттегі Тұғым (Тоғым ғой) хан; 136-беттегі Ондан сұлтан суреттері, қасиетті Алтын адам мен Айша бибі кесенесінің суретін де беріпті. Бұл суреттердің де «Тарих-и Рашидиге» ешбір қатысы жоқ қой? Әрине, жоқ. Сонымен қатар 4-қорғанның суреті, екі шайқас суреті берілген. Осы 37 суреттің ішінде Керей хан, Жәнібек хан, Ақсақ Темірдің ғана суреттері беріле алады, қалған 34 суреттің кітап мазмұнына ешқандай қатысы жоқтығы басы ашық әңгіме деп есептейміз. Бірінші кітапқа енген суреттердің өзі-ақ шектен шыққан жауапсыздықты көрсетеді. Бұл кітапқа ешбір қатысы жоқ қаптаған суреттер кітаптың құнын арттыра алмайды. Бұл кітапты кімге ұсынып отырмыз? Баспа оны неге ойламайды? Оның сыры мәлім. Кітапты әдемі суреттермен жылтыратып шығарып, жұртты алдаусыратып шатастыру арқылы қалайда түптеп келгенде мемлекет қаржысын қарпу. Сонымен, бірінші кітапқа енген суреттердің 97 -ы кітап мазмұнына мүлде сәйкес келмейді деп санаймыз.

Ал екінші кітапқа 71 сурет енгізілген, сондай-ақ кітап соңында ғылыми аппарат берудің орнына «Тарих-и Рашидидің» әр тілдерде жарияланған, Дулатиға арналған кітаптардың мұқабасының суреттерін берген, олардың саны 34, сонда екінші кітапқа енген 71 суреттің ішінде Бабыр, Мамаш хан, Хумаюн, Қасым ханнан басқа бірде-бір сурет М.Х.Дулатидің еңбегіне қатысы жоқ әрі мазмұнына сәйкес келмейді де. Сондықтан екінші кітапқа енген бүкіл суреттердің 96 -ы тақырыпқа, оның мазмұнына жанаспайды деп білеміз. Егер ол суреттерге де қысқаша тоқталсақ, теңге үшін жасалған талғамсыздыққа килігесіз.

Оқырманның орынды ренішін туғызатын талғамсыздыққа қарның ашып қана қоймай, қазақстандық патриотизм мен Мәңгілік ел идеясын халқымызға, әсіресе, жас буын санасына сіңіруде рухани қайнар бұлақ болып табылатын баға жеткісіз байлығымызды, ұлтымыздың мақтанышын, әлем халықтарының алдында ұлтымыздың биік парасатын паш ететін, онсыз да көп емес теңдессіз мұраны осылайша пендешіліктің бұлауына батырған. «Тарих-и Рашидиге» тақырыпқа ешбір қатысы жоқ суреттерді орынсыз тықпалаудан М.Х.Дулатидің асыл мұрасының сапасына өте үлкен нұқсан келгенін ашып, ашына отырып айту керек. Расын айтқанда, әр түрлі тақырыптардағы құнды суреттерді тықпалап «Тарих-и Рашидидің» құнын кетірген. Ал екінші кітапқа енген суреттердің сипаты қандай екен? 143-беттегі Шөккен түйенің үстінде зеңбіректен оқ ату; 148-беттегі Тудың басы; 197-беттегі Айбалта; 202-беттегі Жүзік; 223-беттегі Аспалы шырағдан; 290-беттегі Шайқас алаңы; 394-беттегі Бекініс мұнарасы; 397-беттегі Сауран қаласының орны; 434-беттегі Оқ дайындайтын қалыптар; 442-беттегі Пілтелі мылтық т.б. суреттерді кітапқа берудің қандай қажеттілігі бар? 181-беттегі Ұлытау стелласы; 156-беттегі Ахмет хан; 230-беттегі Кішік сұлтан II; 243-беттегі Әбілқайыр сұлтан; 246-беттегі Ұран; 264-беттегі Хақназар хан; 284-беттегі Қайып хан; 293-беттегі Барақ хан; 296-беттегі Тәж Махал; 304-беттегі Әбілқайыр хан; 309-беттегі Акбаршаһ; 344-беттегі Әбілмәмбет хан; 356-беттегі Ералы ханның мөрі (XVIII ғасыр); 361-беттегі Сәмеке хан; 370-беттегі Сұлтан Мәмбет; 387-беттегі Уәли хан; 414-беттегі Жалаңтөс баһадұр салдырған Ширдор медресесі; 429-беттегі Абылай ханның мөрі. Осы келтірілген суреттердің тарихи тұрғыдан құндылығына дауымыз жоқ, бірақ осы жәдігерлердің суретін қисынсыз жерге жөнсіз тықпалаудың да жөні жоқ, «Судың да сұрауы бар» емес пе? Бұл суреттердің бірде бірінің дәл осы жерде кітап мазмұнына ешқандай байланысы жоқ болғандықтан басы артық нәрсе болып шыққан. Мұндай талғамсыздықпен жасалған дөрекілік оқырманға кері әсер етеді. Жоғарыда келтірілген суреттегі хандардың «Тарих-и Рашидиге» қатысы бар ма, әрине, жоқ, олардың аруағын сыйлау қажет. Олардың суреттерін орынсыз жерге тықпалап саудаға салу – жеке бастың есебіне пайдалану үлкен қателік қана емес, күпірлік.

«ҚазАқпарат» баспасының директорының М.Х.Дулати ең жақын туысы болса, кітабын осылай былықтырып шығарар ма еді? Әрине, жоқ. Ал Қ.Ботбаев мырза М.Х.Дулатидің кітабына неге соншама жауапсыздық танытады? Ол бірнеше Шығыс минатюраларын да орынсыз тықпалаған. Тіпті Ұлы Қытай қорғанының да екі бірдей суреті жүр. Кемер белдік, Балуан Шолақтың кісе белдігінің суреті, «шығыстанушы» Жеменейдің де бажырайған екі бірдей суреті кіріп үлгерген. Сонымен қатар Орбұлақ шайқасы болған жердің фотосы да, Аңырақай шайқасын бейнелеген сурет те тарих үшін соншама құнды болғанымен, тақырыбы бөлек болғандықтан бұл суреттер де «Тарих-и Рашидиге» жапсырма жамаудай көрінеді.

269-бетте «Қозыбасы етегінде» деген фотосурет берілген. Онда Мойынқұм, Шу жерінің азаматтары бейнеленген. Бұл жеке адамдардың архивінде сақталатын фотоның да орынсыз, талғамсыз берілгеніне таң қаласың. Ал 365-беттегі Андасай мемлекеттік зоологиялық қаумалының меңгерушісі Ж. Сатылғановтың фотосуреті мен оның: «Хантаудың бұрынғы аты Далатау. Қозыбасыдағы бас қосудан бастап (?) Хантау атанған» деген сөзін келтірген. Бұл қате пікір, Далатаудың қай жерде жатқанын шатастыру, Қазыбек бек кітабында: «Аңырақай шайқасы болған жер кейін Аңырақай аталған, бұрын ол Далатау аталушы еді», – деп жазады. Суреттер мен фотоларды жүйелемей, ойланбай, ақыл тезіне салмағандықтан «Тарих-и Рашидиді» суреттермен безендіріп кітап-альбом ету жоспары түкке тұрғысыз, мән-мағынасыз болып шыққан. Мұндай сауатсыз, салмағы 2 кілә кітап кімге қажет? Көкейін ақша тескен Қ.Ботбаев кітап-альбом жасаймын деп «Тарих-и Рашидиді» келеке, мазақ етіп мансұқтаған. Қазақстан Республикасы Ұлттық музей қорында сақтаулы тамаша заттардың, тұлғалардың суреттерін «Тарих-и Рашидидің» ішіне пайдаланып кітапты қампитып, жылтыратып шығарғанымен, бұл жәдігерлер құнды мұраның мәтінін, мазмұнын аша алмайды, керісінше оқырманды жеріндіреді. Сондықтын «Тарих-и Рашидидің» кітап-альбом етіп шығарған «ҚазАқпарат» баспасының үш тілдегі басылымы заман талабына жауап бере алмайтын көзбояушылық басылым деп есептейміз. Кітаптың ғылыми тұрғыдан сарапталуы, редакциялануы, безендірілуі мазмұнына сай келмегендіктен эстетикалық тұрғыдан да өте төмен. Кітап бір көргенде ғана жылтырағанымен, талап-талғамсыз шыққандықтан рухани тұрғыдан талғампаз оқырманның сұранысын қанағаттандыра алмайды,талғамсыз шыққан кітап-альбом болып қалады. Осы үш тілде шыққан басылымға М.Қойгелдінің бұдан 15 жыл бұрын жазылған мағынасы ескірген мақаласын алғысөз ретінде беру де қате, ол Дулати мұрасын зерттеуші тарихшы емес. М.Қойгелдінің осы үш тілдегі басылымдарға құрастырушы болуы аударма авторларының құқын бұзу, заңсыздық әрекет деу керек. Оның АҚШ-та ағылшын тіліне аударған W.M.Thackton-ның Гарвард университетінен 1996 жылы шыққан кітабына Жеменеймен бірге шалағай жазылған мақаланы аударып беруі де көңілге қонымсыз. Ағылшын тіліндегі басылымға М.Жұрынов (төраға) бастаған ақылдастар алқасын құру да өрескел қателік. Ақылдастар алқасының шетелдік аудармашы-автордың кітабына қаншалықты қажеті бар, оның үстіне көрсетілген оннан астам адамның бірде бірі ағылшын тілін білмейді. Біз «ҚазАқпараттың» АҚШ-тағы аудармашы- автордың кітабын қайта басу туралы келісімінің барына да күмәніміз бар. «ҚазАқпарат» баспасы орыс тіліндегі «Тарих-и Рашидидің» басылымына да шарт жасағанына күмәндіміз, себебі орыс тіліндегі басылым аудармашылармен шарт жасасып, кітап авторын М.Х.Дулати етіп көрсетуге рұқсатты М.Қазыбек алған. Ал енді жасаған шартты орағытып Дулатиді Дулат етіп өзгертіп, екінші, үшінші басылым етіп шығаруға «ҚазАқпараттың» қандай құқығы бар? Оның үстіне бұл академиялық басылымның мықты жасалған (1,2-кітапқа) ескертпелерін, есімдер, географиялық, топографиялық атаулар, этникалық топ пен тайпалар көрсеткішін, терминдер, «Тарих-и Рашидиде» аталған шығармалар көрсеткішін толығымен ойламай алып тастаған, Ташкенттік қолжазбаның беттері (1аб, 2аб.) мүлдем алынып қалған, содан 100 беттік құнды ғылыми аппарат белден басылып сыпырылып қалған. Бұл – шетелдік авторлардың құқын бұзу. Ал И.Жеменей парсы тілінен аударған деп көрсетілген қазақша басылымының 90 пайызы – М.Қазыбектің орыс тілінен аударған еңбегі. Миллиондаған оқырманды жалған атақ алу үшін алдау мен айлалықпен мемлекет қаржысына қол салудың шектен шыққан сорақы көрінісі бұл. Ал И.Жеменейдің аударып енгізген 10 пайыздай тәржімасы бастан-аяқ қате, сөйлемдері байланыспайтын былдыр шатпақ, Дулатиді түсінбеген, тілі қысқа. Жеменей қазақ тіліндегі басылымдағы орыс тілінен дұрыс аударылған кейбір тарауларды бұрмалап, кітапты сауатсыз күйге түсірген. Сондықтан біз қазақ тілінде сауатсыз шыққан бұл басылымды республиканың барлық кітапханаларынан алынып, жойылуға тиіс деп санаймыз.

Ағылшын тіліндегі басылымға қайта оралайық. Бұл басылымда да ғылыми аппараты жоқ, алынып тасталған сияқты. Бұл басылымның көлемі одан да ұлғайып, 54 баспа табаққа жеткізіліпті. Қазақ, орыс тілдеріндегі басылымдардағы суреттер толық және бұл басылым қосымша суреттермен «толықтырылып», жалпы саны 160-қа жеткен. «Тарих-и Рашидиге» қатысты мұнда да 6-7 сурет қана, қалғаны тақырыпқа сай келмейді. Әбілқайыр сұлтанның суреті (243-бет) ағылшынша басылымда Қасым хан суретімен ауыстырылған. Қазақ тіліндегі кітаптағы 254-беттегі Қасым хан суреті ағылшынша 254-бетте Ақназар хан деп көрсетіледі де, 265-бетте де Ақназардың суреті тағы да беріліп, әбден шатастырылған. Ағылшынша 193-бетте Хумаюнның суреті Сұлтан Кішік деп шатастырылған, мұндай шатастырылған суреттерді АҚШ-та жарық көрген кітапқа берудің өзі қате ғана емес, жөнсіздік. Содан қаптаған суреттерден кітап көлемі қампайып шыға келген.

М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашидиін» оқып таныспаған «ҚазАқпарат» баспасының директоры Қ.Ботбаев пен оқырманды парсы тілінен қазақ тіліне аудардым деп шатастырып, жымысқы ізінің жымын да білдіртпеуге жанталасқан И.Жеменейдің кешірілмейтін, ұлт мүддесіне, рухани дүниемізге жасаған қатерлі әрі зардапты қателіктерін жинақтай келе мынаны айтпақпыз:

Біріншіден, М.Х.Дулатидің «ҚазАқпарат» баспасынан жарық көрген үш тілдегі: қазақ, орыс, ағылшын тіліндегі басылымдары халықаралық авторлық құқық жөніндегі Женева Конвенциясының шарттарына қайшы әрі ҚР Авторлық және сабақтас құқық жөніндегі заңын бұзу болып табылады.

Екіншіден, И.Жеменей М.Х.Дулатидің аты-жөнін, фамилиясын саналы түрде бұрмалай отырып, оқырмандарды шатастырады, сөйтіп ел арасына жік түсіреді. Ол «Тарих-и Рашидиде» өз бетімен парсы тілінен аударған діни мәтіндерде Аллаға серік қосады, Жаратушы Иемізді адам қалпын түсіріп, шапан жаптырып қояды. Дулатидің терең толғанысты мәтіндерін өңін айналдырып түсіне алмайтындай етіп тәржімалайды. Ислам дінін қабылдаған Тоғылық Темірді алғаш болып Ислам мемлекетіне ие болды деп аудару арқылы діни экстремизмге бой ұрады. М.Х.Дулатида Ислам мемлекеті деген тіркес те, сөз де жоқ, ол ислам дінін қабылдауға байланысты баян етеді. И.Жеменей М.Х.Дулати қазақ жерінде Ислам мемлекеті болғанын жазған деп көрсетеді. Бұл қауіпті қате фактілерді экстремистердің қолына факті етіп беру емес пе? Бұл – мемлекетіміздің қауіпсіздігі үшін қатерлі әрекет. Жеменей діни мәтіндерді шала-шарпы аудара отырып, діни экстремистерге факті берумен қатар, қоғамға жат идеологияны тықпалайды.

«ҚазАқпарат» баспасының директоры Қ.Ботбаев аудармасы діни экстремизмге бой ұрған И.Жеменейдің шалажансар, сауатсыз аудармасын жеңіл ақша табудың жолына айналдырған.

Үшіншіден, «Тарих-и Рашидидің» үш тілдегі басылымында да түсініктемелер, көрсеткіштер жоқ, ғылыми аппаратсыз шығарылған, тарихи мұраны шығарудағы талаптар ескерілмек түгілі, бар ғылыми аппаратты жойып жіберген, сөйтіп басылымның сапасын төмендетіп, ізденушілер үшін жарамсыз, түсініксіз дүниеге айналдырған.

Төртіншіден, кітапқа енгізілген суреттердің 97 пайызын «Тарих-и Рашидиге» пайдалануға болмайды, себебі олардың тақырыпқа ешбір қатысы жоқ, сондықтан бұл суреттер Дулатидің еңбегінің, полиграфиялық безендірілу сапасының көрсеткіші бола алмайды, керісінше М.Х.Дулатидің әйгілі классикалық еңбегін жұлмалау болмақ. Батыс, Шығыс елдері, әлемге әйгілі мемлекеттер аса зор көңіл бөліп, насихаттап жатқан М.Х.Дулатидің еңбегі ата-жұртында ақша табудың, жең ұшынан жалғасқан сыбайластық әрекеттің құрбанына айналғаны өкінішті.

Сауатты ғасырда өмір сүріп отырып, сауатсыз кітап шығару басқа мемлекеттерде бар-жоғын білмейміз, бірақ мұндай дертті құбылыс бізде орын алып отыр. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жылдық тойы қарсаңында ең басты басылым ретінде жарық көруге тиіс М.Х.Дулатидің «Тарих-и Рашидиі», өкінішке қарай, рухани тарихымызда болмаған қиянатқа ұшырады! Бұл кітап Жеменейдің парсы тілінен аударған еңбегі емес, бұл ұрлық, аудармадағы жөнсіз әрекет, авторлық құқықты аяққа таптау болмақ. И.Жеменей аударған бұл кітап кітапханалардан, сауда орындарынан алынып тасталуы тиіс.

Арнабай НҰРЖАНОВ,
Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институтының жетекші ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты

ТАҢ ҚАЛАМЫН КЕЛБЕТІҢЕ АРУ ҚАЛАМ, АЛМАТЫ!

Ару көктеммен бірге дүр етіп сілкініп, құлпырып шыға келетін әсем қаламыздың 1000 жылдық мерейтойына орай Алматы қаласы ОКЖ-нің №4 кітапханасында «Таң қаламын келбетіңе Ару қалам, Алматы!» атты жас суретшілер байқауы өтті.

Алдымен «Алматы – Тәуелсіздіктің алтын бесігі» атты кітап көрмесі ашылды. Қаланың өткені белесі, тарихы, бүгінгі келбеті мен сәулеті жайлы жаңа кітаптарға кітапхана қызметкері Аяулым Жидебаева шолу жасады. Суретші Жұмақын Қайрамбаев: «Суретші қауымы өмірінде міндетті түрде Ана суретін салады. Ал, табиғатты бейнелегенде Алматыны шығар¬масында көрсетпеген қазақ суретшісі жоқ», - деп ағынан жарылған еді.

Кітапхана меңгерушісі Сағын Иманбаева құттықтау сөз сөйлеп, байқаудың шымылдығын ашып берді. Суретшілердің өнеріне баға берер қазылар алқасының құрамы бекітілді. Байқауға дарынды оқырмандар, №94 жалпы білім беретін мектептің суретші оқушылары қатысып, бақ сынасты. Жас дарындар көрікті қаланың келбетіне қылқаламның құдіретімен жан бітіріп, қала мерекесіне өз сыйларын тарту етті. Жас суретшілер асқақтаған айшықты Алатаудың етегіндегі қарасаң көз тоймайтын шырайы бөлек шаһарға деген ыстық ықыластарын салған суреттерінің құдіретімен жеткізуді мақсат еткен еді. Жас өрендердің қиялы әсершіл келіп, қаланың сұлу көркін, сылдырай аққан өзен-бұлақтары мен жасыл желекті бау-бақтарын, ғажайып ғимараттары мен айшықты мәдени орындарын өздерінің шеберліктері жеткенше бейнелеуге тырысты.

Туындылары жүлделі орын тұғырынан көрінген жас суретшілер алған әсерлерімен бөлісіп, шығармаларының шығуына түрткі болған себептерін айтып, сыр шертті. Бірінші орын алған 5-сынып оқушысы Дмитриева Алина не себепті «Яблоки в снегу» деген картинаны салғанына тоқталып өтті. Қараша айында қалаға қыдырып келген ата-әжесінің Алматының абыройына айналған апорттардың әлі де бақтарда өсіп тұрғанын көргенде таңдана отырып, «Алматы – алмалардың мекені» екені рас екен деп көз жеткізгендерін ерекше сезіммен баяндап берді.

4-сынып оқушысы Асайнова Адема да бірінші тұғырдан көрінсе, 6-сынып оқушылары Калашникова Марина, Киприянов Сергей, 5-сынып оқушысы Игошкина София екінші орынды қанжығаларына байлады. Мәртебелі үшінші орын 7-сынып Дмитриева Светлана мен Калабай Альданаға бұйырса, Котовская Елена мен Питеров Саша ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды. Қалған қатысушылар да құр алақан қайтқан жоқ. Барлық қатысушыларға кітапханадан естелікке кітаптар, сыйлықтар берілді.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев: «Әрбір алматылықтың өз қаласын әлемдегі ең әсем шаһар санайтынына еш күмәнданбаймын. Мен Алматыны, оның тамылжыған баулары мен парктерін, көкке шаншылған Тянь-Шань

шыршаларын, «Көктөбе шамшырағын» және басқа да талай ғажайыптарын ұнатамын дегенім біреуге жаңалық емес. Мен де Алматыны жер жүзіндегі ең әдемі қала деп білем» - деп әсем қалаға деген әсерлі ойымен бөліскен еді. Алматы – талай жанның жастығының куәсі, халқымыздың талай марғасқа ұлдарына пана болған болған киелі орда, небір жақсылар мен жайсаңдардың ізі қалған іргелі құт мекен.

Шынайылықпен, балалық пәк сезіммен салынған Алматының тамылжыған көрінісін көргенде, ойшыл ғалым әл-Фарабидің: «... сәнді сурет тек сүйсіне көрмекке жақсы, ал мәнді сурет белгілі бір мәнді, суретшінің сезімі мен іңкәрлігін, әрекеті мен мінезін, табиғи дарынын білдіреді» деген сөздері еріксіз ойға оралды. Жас өнерпаздарымыз «Болмасаң да ұқсап бақ» демекші, Ә.Қастеев, Х.Наурызбаев, А.Ғалымбаева сынды даңқты суретшілеріміздің бүгінгі ізін жалғап, рухын оятқандай болды. Бейбіт елдің бейбіт бүлдіршіндерінің талаптарына нұр жауып, арман қаламызға деген мақтаныш сезімдері арта берсін!

АБАЙ ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЖАН СЫРЫ

немесе хауас жайын тануда М.Мырзахметұлының үлесі

Соңы. Басы 1-бетте

Бұл қуанатын, марқаятын жағдай. Сөйтсе де Абай шығармаларындағы шығыстық жағалаудан табылатын толық адам танымы туралы күрделі де төркіні терең мәселенің мән-жайын М.Мырзахметұлының еңбектерінен ғана таба алуымыз бұл күнде айқындалып, мәлім болып қалды.

М.Мырзахметұлы Абай мұрасының Шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеуінде төрт сала бойынша жүргізілгенін анықтап, Абайтану әлеміндегі ізденісімізге бағыт-бағдар беретін белеске сілтеп жібергендей болады. Болмысы күрделі тұлғалардың шеті-шегі көрінбейтін көл-көсір танымы көпшілік қауымның, тіпті машақатты түрде ізденіп жүрген көзі қарақты кісілердің де көкейіне жеңіл жете бермейді. Ұлы тұлғалардың биік деңгейіне тез-ақ көтерілмек болған талабымыз жақсы-ақ, сөйтсе де аздап астам әрекет. Таным деген ұғымды биіктегі тұғыр деп түсінсек, оған жету көзге көріне бермейтін білім жолындағы баспалдақтарсыз мүмкін емес. Кең мағынада әрі ақиқатын айтар болсақ, М.Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» атты еңбегін ұлы ақын дүниетанымын игеру жолындағы елеулі бір баспалдақ деп ұққан жөн.

Абайдың бүгінде біз білетін биіктегі ұлы тұлғасын қалыптастыруда ол оқыған әр түрлі кітаптардың үлесі мол болған. Мұны әсіресе ғалым М.Мырзахметұлының зерттеу еңбегін оқып тану үстінде жете сезінеміз. Абайдың көздеген нысанасына жеткен дүниетанымдық деңгейін танып, талдау жасау жақсы-ақ, алайда сол биік деңгейдегі дүниетаным қандай білім баспалдақтарымен қалыптасқаны ақын оқыған әр түрлі қайнар көздермен ғана мәлім болмақ. Абай нәр алған рухани көздердің шығыстық жағалауы жағынан анықталып, жете қарастырылмағанынан да ақын дүниетанымындағы өзекті жайлар, әрі жүрегі саналар жанды тұстары қалтарыста қалып келгені жасырын емес. Ал Абай дүниетанымының өзекті жайлары – ғалым М.Мырзахметұлының ұзақ жылдар бойы зерттеп, ғылыми айналымға алып келген толық адам, жәуанмәртлік, иманигүл, хауас танымдары. Абай дүниетанымының құбылысты қалыптағы мәселесі – толық адам болса, мәндік өзегі – үш сүюден тұратын иманигүл. Қазақ әдебиеттану ғылымында Абай мұрасы мен дүниетанымына қатысты мәселе біршама мол сөз болғанымен, шығыстық жағалаудан нәр алып қорланған, сөйтіп дүниетаным деңгейге жеткен ақындағы толық адам танымы сексенінші жылдарға дейін өзегі тұрғысынан танылмақ түгілі, сыртқы сарайы, қаңқасы дерлік құбылыстық қыры тұрғысынан да білгір болжанып, тиянақты қарастырылмады. Мұның енді әр түрлі себебі, саясат, идеология, тіпті маманға қатысты жағдайлары да болғаны белгілі. Сөйтсе де жаңбыр-жаңбырдың арасымен амалын тауып, ақын мұрасының өзекті жайын жұмыла кірісіп зерттеп кетуге соншалық кедергі болатындай қытай қорғаны да жоқ еді. Осы орайда Абайдың Шығысқа қатысын тиянақты зерттеуде дара шығып қомақты нәтиже берген М.Мырзахметұлының ғылыми ізденісі аса елеулі.

Адамгершілік ілімін әдебиетте көркем кестелеп көрсету - әр халыққа да ортақ құбылыс. Сөйтсе де әр халықта сол ілімді бейнелі түрде таныта жырлайтын нар тұлғаларының нәр алып, өсіп-өнген өз түп-тамыры, рухани көздері болады. Ал Абай дүниетанымы адамзатқа ортақ ақиқат пен ақыл-ойға өзіне етене жақын, өзіне қаны, тәні, жаны туыс шығыстық қайнар көзбен келіп жеткен. Осы ақиқат ғалым М.Мырзахметұлының зерттеу еңбегі арқылы жап-жақсы дәлелденіп танылған. Түбінде біздің ақыл-ой, жан-жүрегімізде ұлттық сана-сезім, мұсылмандық наным-сенім басым болар болса, осы ақиқат қорланып, толысып өрістей бермек. Жоғарыда жазғанымыздай, Абайдағы өзекті мәселені М.Мырзахметұлы ақынның өз сөзімен «толық адам» деп атаса, оны ғұлама ғалым М.Әуезов өз кезінде «нравственная личность» түрінде қолданған да, оның мән-мағынасын ашуда кейінгі зерттеулерге бағыт-бағдар беретін тезистік тұрғыда ғана түсіндірумен шектелген. М.Әуезовтің осы «нравственная личность» деп атын атап, түсін түстеп берген ұғымы кейінгі сексенінші жылдары М.Мырзахметұлы тарапынан «толық адам» түрінде өз жүйесін тауып, ақын дүниетанымын тануда тың, соны сүрлеуге түскен жайымыз бар. М.Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» атты монографиясының ең қомақты да мазмұны терең тарауы – «Абай мұрасының Шығысқа қатысы М.Әуезов зерттеуінде» болса, осы тараудың зерделеу, зерттеу жағынан танымы мен табысы басым шыққан үшінші бөлімі – «Абайдың исламиятқа қатысы» туралы мәселе деуге болады. Абай дүниетанымы қалыптасар кезең қазақ жерінде ислам діні өрістеп тұрған жағдайда болатын. Автордың осы жайға байыпты барлау жасауы тегін емес. Бұл байыпты барлау М.Әуезовтің «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы ислам діні» деген аталы сөзінің сырын тану үшін қажет болғанын байқаймыз. Ғылым мен көркем әдебиеттің сан саласы мен түрлі жанрында белсене еңбек еткен М.Әуезов өз кезінде әрбір өзекті ойының түп-төркінін толық әрі тереңдей айта беруге мүмкіндігі де бола бермегенін болжаймыз. Біле білген кісіге ғылым, танымдағы айқындалған өзекті ойлар мен енді ғана «өсіп-өнуге мүмкіндігі бар» ұрық күйіндегі беймәлім мәселені «мәпелеп» байқай білу, тани білу де үлкен өнер. М.Әуезовке осы тұрғыдан қарыздар болатын жөніміз жетерлік. М.Әуезов ғалым М.Мырзахметұлы айтпақшы, «…сол кезең жағдайына байланысты Абайдың исламиятқа қатысын арнайы зерттеулер арқылы ашпайды, осы саладағы ұзақ жылғы зерттеуден туған ойларын қорыту, келешек зерттеулерге адастырмас бағыт берер тезистік ой-пікірлер желісін ұсынумен шектеледі». Егер оқырман Абайдың исламиятқа қатысын өз тарапынан талаптанып танығысы келсе, онда оған М.Әуезовтің 1934 жылы жазылған «Абай ақындығының айналасы» мақаласынан бастап, соңғы кездегі зерттеулері және жазушы эпопеясындағы басты кейіпкерлерінің ішкі нанымдарына жай ғана оқушылық қызығушылықпен емес, зерделі оймен де терең үңіліп қарауына тура келер еді. Оның үстіне оқырманға осы мақсатына өздігінен талаптанып жетуінен бұрын, М.Мырзахметұлы зерттеулеріндегі дайын ой желісімен адаспай жүріп танудың өзі оңай болмайды.

М.Әуезовте Абайдың исламиятқа қатысы жайлы нанымын зерттеу барысында қорытып айтқан екі түрлі тезистік пікірі бар. Ал М.Мырзахметұлы өз кезегінде М.Әуезов түйіндеп тапқан осы екі тезистік ойдың айтылу себебін кең түрде таратып сөз етеді. Себебі талапты ізденушіге бұл екі тезистік ойдың айтылу себебі мен ақиқат мән-жайын М.Әуезов зерттеулері бойынша өздігінен тауып, оларды тұшына, «тойына» тану қиынға соғады. Абайдың исламиятқа қатысы туралы М.Әуезов қорытып айтқан әуелгі тезис – «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деп аталады. Әркім де еріксіз ойланып қалады: ол неге шартты дін, ақылы неге сыншыл, нәтижесінде қандай дін пайда болды? Осының сырын анық, ашық таратып айту – ғылым үшін қажетті ізденіс болатын. М.Мырзахметұлы осы бір міндетті мойнына алған, әрі оны сәтті де жемісті нәтижемен орындап шыққан. Ғалым өз тарапынан «ақын шығармаларында желілі, жүйелі түрде сөз болатын аса күрделі дүниетанымдық мәні бар ұғымдардың бірі – «жан сырына» терең барлау жасайды. Себебі дәл осы мәселе Абай дүниетанымын тануға, сондай-ақ М.Әуезов жасаған тезистік ойдың мәнін түсінуге мүмкіндік береді.

Сөйтіп жан сырының мәні ақында кең қолданылатын жан құмарынының не екенін танығанда ғана мәлім болмақ. Әрі Абайдың жан сыры туралы ойларын оның М.Мырзахметұлы шартты түрде бөлген төрт түрлі ұғымында танып білмек керек. Бұл - жан сырының Абай шығармаларында көрініс тауып, бізге мәлім болған қырлары ғана. Ал оның өзге сырын ұлы ақын: «Жан қуаты деген қуат бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сығызбайды» деп таратып айтпай, келте қайырыпты. Ақын дүниетанымындағы жан сырының төрт түрлі түсінігін білгеннен кейін ғалымның ақынға қатысты «жан сыры жайлы ой өрісінде өзіндік дербес беті бар» деген ой-түйінін қиналмай-ақ қабылдай қоямыз. Тіпті мән-мазмұнында өткен заман ойшылдарындағы көне түсініктердің табы «мен мұндалап» көрініп, сезіліп тұратын - адамға Тәңірінің берген сыйы, рухы мағынасындағы жан сырынан да Абайдың өзіндік жаңалықты танымы байқалып тұрады. Мұны ғалым М.Мырзахметұлының Абай сөздері астарынан өз ізденісімен тапқан түйінді ойлары арқылы біле аламыз. Ақынның жетінші сөзінде «Әзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан» деген ой бар. Осындағы ақынның «адамның жанын ірі жаратқан» деген ойын М.Мырзахметұлы адамдағы сыртқы дүние сырын ұғыну қабілеті басым болатын жан қуатымен байланыстырады. Дәл осы түйін ақыл-ойға қонымды. М.Мырзахметұлы жазғандай, Абай көне ұғымдағы Тәңірі берген сый ретіндегі жан сырын көп таратпай, келте қайырып қана қояды. Жалпы, Абай дүниетанымындағы жан сырының Алладан келген сый, тарту түріндегі ұғымы материалистік бағыттағы ғалымдар жазғандай, қайшылықты танытар кемшілік те емес шығар. Мүмкін бұл біздердің жанның шын сырын білмегендіктен жасаған шектеулі ой-түйініміз ғана болар. Адамның асыл да жұмбақ жаратылыс екеніне еш күмәніміз болмаса, жанымыздың дәл осы Тәңірден жеткен сый ретіндегі ұғымы біздерді әлі талай тығырыққа тіресе керек. Тіпті Абай шығармаларында молынан көрініс тапқан объективті дүниенің адам санасында сәулелену процесімен пайда болатын рухани құбылыс ұғымындағы жан сыры да қазіргі тәкаппар түсінігіміз бойынша ақиқат, жаңашыл көрінгенімен, адамда бар мұндай артықша қасиетті қалайша Құдайдың құдіретінсіз болды дей аламыз. Әттең, осы мәселені таратып айтуда ұлы Абайға уақыттың тарлық жасағаны өкінішті. М.Мырзахметұлы пайымдағандай, Абай жан сыры жайлы мол танымы мен ой толғаныстарының тек негізгі де басты ұғымдары ғана сөз болғанын ескертіп кеткен. Сондықтан да ғалым өз ойын: «…арнайы зерттеушілер бұл ескертуді көп нәрсеге айғақ боларлық дәрежеде ұғынып, үнемі ойда ұстауы керек-ақ» деп түйеді.

Ғалым М.Мырзахметұлы Абайдағы басым жағдайда көрініс тапқан рухани құбылыс, танымдық қазына мағынасындағы жан сырына жете мән беріп, талдауын осы тұрғыдан жалғастырады. Жанды - ақыл мен тәнге қозғалыс беріп, олардың қозғалып, өсіп дамуына жағдай жасайтын тетік ретінде ұғынуға болады. Бұрынғы-соңғы ойшылдар жазғандай, қоректену, өсу, көбею күші жануарлар мен өсімдіктер жанында бар жан қуаты. Ал Абай айтатын адам жанының ірі жаратылуы - оның ақылмен байланысты ойлай алатын тірлігінде болса керек. Әрі Абай дүниетанымы бойынша, жан қуатымен қорланатын ақыл-ой күнделікті өмір тәжірибесінен пайда болады. М.Мырзахметұлы таратып жазған ақын дүниетанымындағы жан сырының табиғаты осындай мазмұн мен бағытта көрініс тапқан. Ақынның жан табиғатына байланысты қолданған терминдік мәні бар сөздерінің бәрі де адамның асыл қасиеті – білу, тану процесімен байланысты болып келеді. Бастапқыда жанның жибили (тумысынан бар) қуатымен пайда болатын жан құмары жан қуатының әрекеті барысында жан тамағымен азықтана жүріп рухани болмыс, қазынамызды қалыптастырады. Ғалым М.Мырзахметұлы Абай танымын осы тұрғыдан танығанда ғана ақындағы жан сыры жөніндегі көзқарастың табиғатын дәл ұғарымызға жөн сілтейді. Бүкіл дін атаулы, оның ішіндегі ислам дініндегі жан табиғаты туралы көне ұғымнан бөлек кетіп, оны адамзаттың асыл әрекеті – таным процесімен байланыстыруы себепті Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты дініне айналған. Абайдың исламиятқа қатысы туралы ой қорыту барысында М.Әуезов жасаған бұл тезистің мән-мағынасы ғалым М.Мырзахметұлы зерттеуінде осылайша жан-жақты байланысымен жүйелі танымын тапқан.

М.Мырзахметұлы М.Әуезовтің «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген тезистік пікірінің соншалық білгірлікпен айтылғанын ендігі жерде ақынның хауас жайлы ойларына үңілу арқылы таратып бағады. Әуелі автор Абай шығармаларындағы хауас жайлы мәселенің әлі күнге дейін арнайы зерттелмей келгенін арнайы ескертіп өтеді. Ал сөз бола қалған жағдайда олардың хауас сөзінің мән-мазмұнын аша алмаған жағдайын айтады: «хауас жайлы арнайы дайындықпен келіп, түп-төркінін тани оқымаса, Абай шығармаларында көтерілген пікірлердің табиғатын тереңдеп, бірден түсініп кетудің өзі қиынға соғатынын көріп жүрміз». Хауастың адамзат болмысымен, оның ішінде білім, таным жолындағы қасиетті әрекетімен тығыз байланысы Абай шығармаларында молынан көрініс тапқан. М.Мырзахметұлы Абай шығармаларындағы хауас сөзінің әр түрлі (үш түрлі) ұғымдарындағы мән-мағынасына терең талдау жасайды. Ғұлама ғалым М.Әуезов қана емес, Абайдың өзі де хауас жайлы ой-пікірлерін өз шығармаларында арнайы аялдап танытпай, шашыранды түрде беріп отырған. Осы орайда ғалым М.Мырзахметұлы жасаған ерен еңбектің қадір-қасиеті еселене түседі. Ғалым М.Мырзахметұлы Абайдың хауас жайлы танымын күнделікті өмір тәжірибесінен ғана туындаған құбылыс деуге келмейтінін арнайы ескертеді. Дәл осындай жағдайда ғалымның өзі де Абайдағы хауас жайлы танымды қарастыруға біршама зор дайындықпен келгенін байқаймыз. Бұған дейінгі өзге ғалымдарда осындай дайындықтың болмауынан да хауас жайлы ұғымның мән-мазмұнын ашу кешеуілдеп келгенін көріп жүрміз. Сондықтан да М.Мырзахметұлы әуелі хауас туралы танымның тарихына байыпты барлау жасайды. Оның ойынша, Абай өзіне дейінгі хауас жайлы жүйелі біліммен сөзсіз таныс болған. Іздену барысында байқағанымыз, бұрынғы-соңғы ойшылдарда, әсіресе араб-мұсылман ғұламалары мен Орта ғасырдағы түркі ақындарында хауас жайлы ой-толғаныс мол болған. Адам жаратылысы жан сыры, рухани болмысымен айқындалады. Ал хауас – адам жанының қуаттары, әрі адамның ғылым-білімді меңгеріп, ақылды, қайырымды болмысқа айналуы хауассыз мүмкін болмайды. М.Мырзахметұлының Абай танымындағы хауас мәселесін ерекше мән бере қарастыруын М.Әуезовтің өзі ғайыптан тіріле қалып білер болса, өзгеше қуанған болар еді деп ойлаймыз. Себебі ұлы ғалымның өз еркі өзінде болып әрі уақыты жетіп жатса, Абайдағы хауас мәселесін тезистік түрде ғана қарастырып, мұншалық келте қайырмас еді. М.Әуезовтің еркінен тыс болған осы олқылықты М.Мырзахметұлы өз зерттеуі арқылы орнын толтырып дамытқан және жаңа жемісті зерттеу жасаған деп батыл айтсақ болады. Абай танымындағы хауас мәселесінің өзекті болатыны – оның ең іргелі ілім – дүниенің танымалдылығы мен бейнелеу теориясымен сабақтастығына байланысты. Ал мұндай өзекті мәселеге М.Әуезовтің бел шешіп, білек сыбанып дегендей, барын салып кіріспеуі мүмкін емес еді. Мұның сол кездегі әдеби ортадағы жағдай мен саясат «сүзгісіне» қатысты себептерін М.Мырзахметұлы өз тарапынан айтып өтеді.

Абайдың хауас жайлы жалпы танымы, өзіндік ой-пікірлері М.Мырзахметұлы атап өткендей, жиырма жетінші, отыз сегізінші қарасөздері мен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде, яғни үш-ақ шығармасында өз атауымен нақтылы аталып көрініс тапқан. Ал өзге шығармаларындағы жалпы түрде ғана айтылып, жол астарынан ғана еміс-еміс байқалатын ой-пікір ұшқындарын М.Мырзахметұлы өз ізденісімен тауып, ізерлі ізденісімен зор танымдық зерттеу жасаған. Қарапайым көпшілік оқырман ғана емес, Абай дүниетанымын бір кісідей білемін деп жүрген зерделі кісінің өзі ақын шығармаларындағы үш салаға бөлініп, сөйте тұра өзара тығыз байланыста қолданылған хауас ұғымының мән-мағынасын М.Мырзахметұлының зерттеуі арқылы ғана дәлдеп тани алады, өкінішке орай, әлі де тани алмай шатасып жүргендер де бар. М.Мырзахметұлы Абай шығармаларындағы хауас, хауас сәлим, хауаси хамса заһирилердің мән-мазмұнын танытумен бірге, осы ұғымдардың ақын дүниетанымымен қарым-қатынасында туған өзекті жайларын да шешіп береді. Мәселен, ақынның жиырма жетінші қарасөзі үш сүюдің құрамындағы бірінші сүюді, яғни Алланың сүюге лайық аса биік болмысын ежектеп таныту, мойындату мақсатында туған екен. Абай Сократ нанымы ретіндегі бұл сөзінде хауаси хамса заһиридің (сыртқы бес сезім) пайда болуын тікелей Тәңірге байланысты құбылыс деп тануға бейім болғанымен, он тоғызыншы сөзі мен өзге де төл шығармаларында білу мен білім бастауы - жаңағы хауаси хамса заһири екенін, әсіресе сананың кәсіби жолмен пайда болып өсуі осы хауаси хамса заһири арқылы жүзеге асатынын баса айтады. Абайда сыртқы бес сезім мен сананың пайда болуы жөнінде кереғар екі түрлі пікір болғанымен, оның алғашқысы Сократ атынан айтылып, ал ақынның өз шығармаларында адамның барша саналы өмірінде сыртқы әлеммен екі арадағы байланысы болар көпірі іспетті хауаси хамса заһиридің жан құмары жетегіндегі әрекетін кәсіби құбылыс деп тануын М.Мырзахметұлы Абайдың өзіндік төл тума ойы деп біледі. Бұл - ғалымның Абайдағы хауаси хамса заһири мәнін ашу барысында ерекше мән беріп, әрі шешімін сәтті тапқан өзекті бір жаңалығы. Ақын дүниетанымындағы үлкен танымдық өзгеріс пен соны, тың бетбұрыстың шын сыры мен мән-жайын М.Мырзахметұлы тағы да осы хауас ұғымын тану арқылы тапқанын көреміз. Абай философиялық лирикалары мен кейбір қарасөздерінде өзі айтатын шектеулі, өлшеулі болмысымен Түп Иені тану жолында қаншалық шарасыздық танытқанымен, Алланы танып білсем, Оның сырын, мәнін тереңдеп түсінсем деген өршіл талабынан танбай келген болатын, ақынның бұл батыл әрекеті әсіресе «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңінен айқын байқалатын. Абайдағы осы танымдық батыл әрекет М.Мырзахметұлының ерекше үңіліп, хауас сөзінің сырын іздестіре жүріп айрықша мән бере қараған ақынның «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде сыр беріп, сетінегендей, сынғандай болады. Яғни осы өлеңінде Абай өзі өлшеусіз ақыл иесі деп білетін Алланың адами ақылмен тануға болмайтын ұлық сипатын біржола бас ұрып мойындаған қалпын танытады. Ал «Лай суға май бітпес қой өткенге» өлеңі мен «Алла деген сөз жеңіл» аралығында пайда болған ақын дүниетанымындағы осы бетбұрыс, яғни исламиятқа деген көзқарастың өзгеру себебін тереңдей ашуды ғалым Абайтанудағы келешекте шешілер келелі міндет деп біледі. Осы орайда ойға оралатын бір мәселе, елуге таяған жасында өз болмысында пайда болған бұлқыныстың, қынжылыстың себебін Л.Толстой өзінің «Исповедь», «В чем моя вера» атты шығармаларында ағынан жарыла айтып, өзіндегі дүниетанымдық төңкерістің сырын танытып жазған болатын. Бір ерекшелігі, Л.Толстой да Абай секілді Құдайдың артықша, айрықша болмысын шынайы мойындап барып қана өзіне маза бермеген сұраққа жауап табады, яғни Құдайын тапқан мәнді өміріне оралады. Жаратушының ұлық сипаты мен асқан болмысын ашық айтып, оның болмысына бойлай алмауды ақылға сын санап, мін көрген заман, Құдайға шүкір, кейін қалып барады. Сондықтан да Абайдың өз дүниетанымындағы Құдайын түгел танып білмек болған талап, әрекетінен қайтып, шегініс жасап барып тапқан соны бетбұрысын - ақынның ғана емес, адамзаттық өлшеулі ақылдың зор табысы десек болады. Ал әзірге адамзат өзін қанша ақылдымын, мықтымын дегенмен, Абай айтпақшы, Алланың өзі жасап, дайындап берген ғылымын шет-пұшпақтап ашумен, соны ғана алданыш етіп, жұбаныш көрумен келеді. Адамзат өз жаратылысы мен әлем сырын барша заңдылық, күллі құпия сырымен түгел танып, Жерді қойып көкке шарлап кетсе де, өзі мен бүкіл Барлықтың иесі бір Жаратушыны ұлық көрмей тұра алмайды. Егер адамзат соншалық мықты, тым ақылды болса, неге дайын тұрған көктегі Марсты жер-жұмаққа айналдырып, еш болмаса, дәл өзіндей үлгісі дайын жаңа бір жаратылысты жасап ала алмайды. Адамзатта дәл осындай ақыл-ой мен құдірет күші болмаған соң да, Абайдың:

Ақылмен хауас (Жаратушы) барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр –

деп кесіп айтқан ой байламын көп шындықтың бірі ғана емес, ең ақырғы абсолютті ақиқаттың өзі деп қабылдасақ болады. Әрі ақын осы арада адам болмысындағы жүректің айрықша мәніне ерекше ден қойғанын танытып өтеді. Сөйтіп Абай дүниетанымындағы соны бетбұрыс М.Мырзахметұлының соншалық мән беріп, зер сала қарастырған хауас сөзінің сырын ашумен анықталып отыр. Біз ғалымның әрбір өзекті ойын әбден көз жеткізе дәлелдеп барып ұсынатынын атап өтуге тиіспіз. Мұны ғалым зерттеуін оқу барысында оқырманның өзі де тұшына сезініп отырады. Біз ғалымның сол ақылға қонымды нақты дәлелдерімен айғақтап танытпақ болған ең өзекті ойларын ғана жариялай айтумен шектеліп келеміз. Себебі ғалымның осы зерттеуі жайлы ізгі ниетпен жазылған мақалалардың өзінде байыпты, бағалы пікірлер көп айтылғанмен, зерттеу иесінің ең табысты, ең өзекті ойларына мән беріп, оны оқырманға таныта шынайы айту жағы жетпей жататыны бар. М.Мырзахметұлының Абайдағы хауас жайлы ұғым мен оның әртүрлі танымдық қолданыстарына ерекше мән бере қарастыруы тегін емес. Өйткені хауас ұғымы кең тұрғыдан қарар болсақ, ақынның исламиятқа қатынасы және осы орайдағы танымындағы өзгеріс сырымен ғана емес, оның ақындық, ойшылдық өмірінің мұраты саналатын толық адам жөніндегі өзекті ойларымен де сабақтасып жатады. Демек жан сыры, хауас жайлы ұғымдар ақиқатын жете білмей, ақын дүниетанымын шынайы да тұтас тану мүмкін болмайды.

Абайдың отыз сегізінші қарасөзінде ұшырасатын хауас салим (табиғи дені сау сезім мүшелері) - хауас жайлы ұғымның хауаси хамса заһири (сыртқы бес сезім), хауас (Алла) мағыналарынан кейінгі үшінші, ең соңғы қолданысы. Әрі екінші қолданыстағы хауас (Алла) пен соңғы хауас салимнің мағыналарында ішкі байланыста болатын жақындық бар. Мұны ғалымның: «Абай ішкі, сыртқы сезім мүшелерін хауасқа балама ретінде әңгімелейтіні отыз сегізінші қарасөзінде айқынырақ көрінеді» деген арнайы ескертуінен байқаймыз. Ал ақын қолданысындағы хауас салим де ішкі, сыртқы сезім мүшелерін түгел қамтыған мағынада келеді. Ғалым «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде арнайы атап айтылатын екінші қолданыстағы хауасты ақынның отыз сегізінші қарасөзінде таратыла айтылатын он сипатпен сабақтастыра әңгімелеу арқылы Түп Иені танытатын кәмәлат ғазамат деп біледі. Себебі хауас пен хауас салим - ішкі, сыртқы сезім мүшелерінің жиынтығы ретінде ақынның өз тарапынан қосқан рақым, әділет қасиеттерімен бірге бәрі қосылып Алланың бойында бар он сипат ретінде суреттеледі. Ақын үнемі шариғат шеңберінде қалып қоймайды. Ақында қашанда өзіндік төл таным басым түсіп жатады. Ол ғалым М.Мырзахметұлы жазғандай, шариғаттың «Алланың сипаттары жөнінде ойлан» деген қағидасын пайдаланып келіп, өзінің өмірлік мұратына айналған толық адам танымы мен адамгершілік негізі – жәуәнмәртлік жағына бұрып жібереді. Демек ақындағы діни насихат секілді көрінетін отыз сегізінші сөз - ақынның өзіндік адамгершілік жайлы төлтума ойларын түсіндіру мен талқылау әрі таныту түсу болып шығады. Ақындағы дүниетанымдық мәні зор осындай ойлар хауас жайлы ұғымдарсыз бір бүйірі ойсырап, өз деңгейінде танылмас еді әрі беймәлімдіктен туатын күмәнді ойларға негіз болар еді. Ең бастысы, М.Әуезовтің «Абай діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген тезистік ойының сыры мен себебі хауас жайын білу арқылы ашыла түседі. Әрі ақынның Түп Иені тануға қатысты көзқарасындағы елеулі өзгерісті болжап, тіпті біліп барып айтқан М.Әуезовтің осы тезистік ойын не үшін хауас жайлы ойлармен байланыстырғаны түсінікті болады. Себебі ақынның «Алла деген сөз жеңіл» өлеңі мен отыз сегізінші сөзіндегі хауас, хауас салим ұғымдары - Түп Иенің баламасы ретінде айтылған. Осыны анықтап білген оқырман өзгесін танып алуға аса қинала қоймайды. Абайдағы хауас жайлы ұғымдар діни наным ауқымында қалып қоймаған, керісінше, ақындағы адамгершілік арман-мұратқа саналы түрде бағытталған әрі сол мақсат-мұрат жолына көбірек жұмсалған. Мәселен, Абай отыз сегізінші сөзінде кең таратып әңгімелейтін хауас салим мен Түп Иенің (хауас) бойындағы сегіз сипатқа өз тарапынан әділет пен рақым атты екі қасиетті қосып, Түп Иенің бойындағы құдірет пен ғылымды ақыл арқылы танытып, осылайша олардан құралып жинақталған ақыл, әділет, рақымды адам бойындағы адамгершіліктің іргетасы мен негізі ұғымындағы жәуәнмәртлік ілімімен сабақтастырады. Сөйтіп М.Әуезов өзінің ақындағы жан сыры мен хауас ұғымдарынан түйіндеген «Абайдың діні – сыншыл ақылдың шартты діні» деген тезисін хауас ұғымынан туындатқан жәуанмәртлік ілімі арқылы «Абайдың діні – адамгершіліктің діні» деген екінші тезисіне жалғап жібереді. Ал жәуанмәртлік ілімі Абайдың мораль философиясындағы М.Әуезов «нравственная личность» деп атаған, М.Мырзахметұлы «толық адам» деп тарата қарастырған ақындағы өзекті мәселемен тікелей байланысты ұғым. Абай дін ғұламалары - мутакәлиминдердің хауасты (Жаратушыны) танытуда ақылды құрал, тірек еткен танымын жоққа шығарады. Алғашында Абай да ақылды өзінше зор санап, сол ақылы арқылы Жаратушыны түгел танып білуге әжептеуір әрекет жасаған. Әйтсе де нәтижесінде ақын танымындағы хауасты танып білу барысында ақылдың шектеулі мүмкіндігін мойындап, ықылас, ниет, сүю ұғымдарын қамтитын жүрекке иек артқан Абайдағы осы дүниетанымдық өзгерісті қолдамасқа шара қалмайды. Себебі бүгінге дейін адамзат қауымының небір дана ойшылдары Жаратушының өзін түгілі, Оның жаратқан Әлем мен Адам атты таңғажайып туындыларын да түгел танып біткен жоқ, келешекте де танып тауыса алмайды. Өйткені өзі мен әлемді шексіз тани беру – адамзаттың мәңгілік таусылмас жан азығы. Абай осы ұлы ақиқатты айту арқылы ресми дін (догмалық) қағидасына сынмен қарап, өзі ұстанған діннің шарттылығын танытады. Сөйтіп М.Әуезов әр түрлі себеппен тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтса, М.Мырзахметұлы сол түйінді сөзді өзіміз түсініп, ұғынып тани алатындай деңгейде тарата қарастырып, күрделі зерттеу жасаған. Ғалым мутакалиминдер дүниетанымы мен дін қағидаларына қисынды түрде көрсетілетін ақындағы сыншыл көзқарасты М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясындағы кейіпкерлердің пікір алысуы арқылы да нанымды танытқан. Мұның бәрі де ақын шығармаларында көрініс тауып жататын дүниетанымнан бастау алатыны белгілі. Сондықтан да М.Әуезов Абайдағы өзекті танымды танытуда көркем әдебиет мүмкіндігін де молынан пайдаланған. Тек мұндай ой орманы мен таным қатпарларынан жол тауып, жүйелі білім алу әркімнің ой, өресінің мүмкіндігіне сай келе бермейді. Ғалым М.Мырзахметұлының мына сөзін өз басым толық мойындаймын: «Әрине, жазушының шындыққа сай, яғни Абай танымының негізінде, ақын шығармасында айтылған пікірлер төркініне сүйеніп барып көрсетілетінін Абай шығармаларын терең түсінген оқырман ғана жақсы сезініп отырады».

Оқырман мен жалпы көпшілік қауымның Абай танымына М.Әуезов зерттеуімен ғана бойлай түсуі қиындау. Абай дүниетанымын ұғу М.Әуезовтің ізімен М.Мырзахметұлының зерттеуін оқу барысында ғана біршама жеңілдей береді. М.Мырзахметұлының ақын дүниетанымын тереңдей таныту мен оны баспалдақты, жүйелі жолмен түсіндірудегі еңбегі аса зор. Ең бастысы, М.Мырзахметұлы кейбір ізденіс иелері сияқты М.Әуезов ойларын әр түрлі әуенде қайталаумен жүрмеген. Ол М.Әуезовтің Абайтануға қатысты ұзақ жылғы зерттеуін реттеп, жүйелеумен қоса, әсіресе Абайдағы адамгершілік ілімін тағы да сол М.Әуезовтің өз зерттеу жүйесі, ойлау ерекшелігімен дамыта түсіп өте жемісті зерттеу жасаған. Бұған М.Әуезовтің Абайтануға қатысты қорытынды, түйінді ойлары жинақталған монографиясы мен М.Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және Абайтану проблемалары» атты зерттеуін салыстыра оқу арқылы көз жеткізуге болады. Әрі М.Мырзахметұлы өзінің Абайтануға қатысты зерттеулерінде «М.Әуезов сілтеген сенімді бағыт-бағдар жайлы ой оралымдарын еске алмай ізденудің өзі қиын» деген тоқтамға жиі оралып отырады. М.Әуезов – Абайтану ғылымының биігінде тұрған бірегей ғалым, саңлақ суреткер, Абай болмысы мен мұрасын тануда оның құбыламыз бен қазыналы кеніміз екені талассыз. Ал М.Мырзахметұлы ұлы М.Әуезовтің ишарамен танытқан ой-арманын іліп алып, ғұлама ғалымның өз ойлау жүйесі, өзіндік сүрлеу жолымен жалғастыра зерттеген ғалым. Сондықтан да М.Мырзахметұлының ақын дүниетанымына қатысты іргелі зерттеуін Абайтанудағы тың ізденіс, танымдық жаңалығы мол табысты да жемісті еңбек деп қабылдауға бейімбіз.

Мақсат ӘЛІПХАН,
Абай атындағы ҚазҰПУ

МАҚТАҒАН МАЛ ТАБАДЫ...

Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН, ҚР Мәдениет қайраткері

Күн сайын әйеліммен ұрсысып қаламын. Үйден берекет қашты. Интернеттен осыған сауал іздедім. Сүйтсем, әйелді мақтау керек екен. Мен сорлы оны білмеппін. Түс мезгілінде күндегі әуенін бастайын деп, домбырасын келтіріп жатыр еді:

-Жанымдағы жалғыз аяулым! – дедім.

-Ааа, мына сөз сенің аузыңнан шықты ма? – деп, әйелім көзі адырайып тоқтап қалды.

-Енді не, менің аузымнан тек былапыт сөздер ғана шығады деп жүрсің ба?

-Таң қалып тұрғаным…- деді әйелім.

-Сенің нәзік қолдарыңмен жасалған бүгінгі түскі ас қандай керемет! Дәмі тілімді салақтатып жіберді. Кешкі асқа

не пісіресің, жаным?

-Иә-ә, рас айтып тұрсың ба? Саған бүгін бірдеңе болған жоқ па?-деп, әйелім аң-таң.

-Шынымды айтып тұрмын, жаным. Өзіңді көрмесем отыра алмайтын күйге душар болдым…

Негізі қолдары нәзік емес, сиырды сауғанда төрт емшегін жұлып ала жаздайды. Білегінің жуандығынан көрші ауылдың қатындары сескеніп қашып жүреді. Әйелімді жамандап отыр деп ойламаңыздар.

-Ботадай көздерің жанып, үйдің ішін жарқыратып жіберді ғой, жүзіңнен жүзімнің шырыны тамып тұр, – деп едім бөшкедей әйелім диванның үстіне барып сылқ етіп шалқасынан құлады. Ее, мынау жақсы әдіс екен… Әйелімнің ұрысы су сепкендей сап тиылды. Еркелеткенді кім жек көрсін?..

Ергіп көшеге шықтым. Дүкеннің алдында қайыр сұрап айқайлап алқаш отыр екен, оны да мақтай жөнелдім.

-Күс-күс жарық қолдарың батырдың білегіндей жуан екен, құрметтім?

Маскүнем көгеріп кеткен екі қолына алма-кезек қарады.

-Шын ба?-деді, ісік көзі жыпылық қағып. Өзі ықылық атып тұр.

-Иә, әрине,-дедім.

-Кезінде спортпен айналысқанмын,-деп мақтанды ол.

-Иісің қандай керемет, сендей адам жер бетінде жоқ қой,-деп едім, ыржаңдап мәз болды. Ішкіштер де мақтағанды сүйеді екен. Өзі қайыр сұрап отырса да, екі жүз теңгесін менің алақаныма бір ұрды.

Көшенің бір бұрышында ала таяғын асынып МАИ қызметкері тұр. Аяңдап қасына бардым.

-Ассалаумағалейкум, сендер болмасаңдар біздің күніміз не болмақ?

-Жәй ма?

-Осындай қара суықта адамның өмірі үшін жол тәртібін қадағалап тұрсыздар.

-Енді, жұмысымыз ғой.

-Қандай адал жансыңдар, сендердің еңбектерің елеусіз,-деп едім, әлгі МАИ қызметкері көтеріп тұрған ала таяғын төмен түсірді. Енді бір сөз айтсам құлайын деп тұр.

-Біз кімге керекпіз?-деді май қызметкері міңгірлеп.

-Сендер халыққа, бізге керексіңдер. Сіз сондай парасатты адамсыз. Бауырмал екеніңіз көзіңізден көрініп тұр. Ел үшін туған адамсыз…

-Рахмет!-деген оның танауы шелектей болды.

-Өлгенше қолыңыздан ала таяғыңыз түспесін, бай болыңыз…

-Ой, бәрекелді, тоқтай тұрыңыз,- деп төс қалтасына қолын салып жіберіп, қып-қызыл бес мың теңгені қалтама сұғітіп жіберді. Әзірге жаман емес. Базарға қарай бет алдым. «Қымбат» сауда үйінен атақты бизнесмен кезінде сотқар атанған Бекертуған құрдасым шықты. Ол өмірінде ешкімнен жылы сөз естіп көрмепті. Мектеп қабырғасында жүргенде мұғалімнен жегені таяқ, естігені қарғыс еді.

-Амансың ба, құрдасым?

-Шүкір, шүкір, түкір-түкір,-деді Бекертуған.

-Естідің бе?

-Нені?

-Кеше сені теледидардан мақтады.

-Не деп?

-Қазақ елінің экономикасына елеулі үлес қосып жатыр,-деді. Сен сияқты азаматтар көп болса, дағдарыстан құтыламыз, –деп айтты. Құрдасым көзі аларып мәз болды.

-Шын айтып тұрсың

ба?-деді ол қуанып.

-Әрине, сендей құрдастар қазақ ұлты үшін дефицит қой!-деп едім, туғалы жылы сөз естімеген құрдасым сол жерде бұтына жіберіп қойғандай мелшиіп қатты да қалды. Бетіме ала көзімен қадалып тұр. Менің сөздерім ұнамай қалған болар деп кетуге ыңғайлана бастадым.

-Тоқта!-деді маған. Дауысы қатты шықты. Мектепте жүргенде талай рет жұдырықтасқан едік. «Келсең кел» дедім ішімнен.

-Мына астымдағы автокөлігімнің кілті саған!-деп, кілтін қолыма ұстатты.

-Бәке, мұның не? –дедім. Мүмкін, қалжыңдап тұрған шығар.

-Мендей сорлы тентекті мақтайтын да адамдар бар екен бұл өмірде!-деп, өкіріп жылап жіберді.

Ойбай-ау, мақтаудың құдіреті қандай десеңші, мұны мұрнымның иісі бұрын неге сезбеген? Кеше қара жаяу жүрген адам едім, бүгін астымда қымбат көлік. Бақыттан басым айналып барады. Бақыттың буымен аудандық әкімшілікке бардым. Есіктегі күзетшіден бастап, еден сыпырушыға дейін әкесін танытып мақтадым-ау кеп. Олар барлық есіктерді айқара ашып тастады. Бір қарасам аудан әкімінің есігі де айқара ашық тұр. Зып етіп кіріп бардым.

-Ассалаумағалейкум, алтыннан ардақты, күмістен салмақты басеке!-деп, қолымды бердім. Ол сәлемімді аузының ұшымен жыбырлап әрең алды. Жақтырмай тұрғаны көзінен көрініп тұр. Бірден үйренген әдісіме көштім.

-Сіз жүрген жолмен жүргім келеді,
Сіз ішкен суды ішкім келеді,-деп, әндете бастадым.

-Е-е, дұрыс!-деді әкім.

-Сіз отырған орынға қызыққым келмейді,
Сіз мінген көлікті мінгім келмейді,-дедім тағы. Өлеңдерімнің ұйқасы жоқ болса да, аудан басшысына ұнап барады.

-Дұрыс, дұрыс!-деді.

-Сіз салған ізбен жүргім келеді,
Болыңыз ауданның тірегі…

-Керемет!-деп, әкім бетімнен шөлп еткізіп сүйіп алды. Қолымды алып, құшағына қысты. Қайта-қайта арқамнан қақты. Сүйтіп, үйге риза боп қайттым.

Орта жолда екі-үш жыл бұрын бір өнер ордасын отырғызып, бас есепшісі шатылып кеткен мекеменің бұрынғы директоры алдымнан кездесе кетті. Қолында жоғарғы жақтан алған «Алғыс хаты» бар екен. Қуанышында шек жоқ. Өлген әкесі тіріліп келгендей мәз.

-Мұны қалай алдың?- дедім таңданып.

-Тысс, үндеме,-деп, көзін қысты. Бәрі түсінікті болды.

Ертеңіне үйге әкімшіліктен маған телефон соқты. Мені жақсы қызметке және мақтау қағазына ұсыныпты. Енді, бұйырса облысқа барып, түгелдей мақтап қайтайын деп, жиналып отырмын…

Соңы. Басы 1-бетте

ЖАС ТЕАТРЛАР ТОҒЫСҚАН ЖАҢА ФЕСТИВАЛЬ

Фестивальді алғаш болып бастаған әрбір сөзі адамның санасына еріксіз бойлайтын, басқа театрлардан бөлекше театрлардың бірі - «Алматы-Music» театры. Бұл театрдың негізін қалаған театрдың көркемдік жетекшісі, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының оқытушысы, доцент Тасболат Омаров. Театр 2013 жылы ашылып, оның тұсаукесерін 2014 жылы «Mamma mia!» мюзиклімен кессе, «Жазығым не менің, анашым» қойылымы жас театрдың екінші сахналаған спектаклдері. Белгілі ақын-жазушылардың мәтіні мен өлеңдерінен құралған «сахналық катарсиске» Тасболат Омаров инсценировка жасаған. Бір монолог сайын бір ән. Екеуі де үйлесімін тауып тұр. Актер әр монологты оқыған сайын терең тұңғиыққа батып, өзің өмір сүріп жатқан айналаңа жиіркенішпен қарайсың. Қойылымның нәзік иірімдері жүрегіңе жетпей қоймайды. Ол ер кісіні де жылатқан театр. Иә, расымен жүрегі бар адамзат баласының жыламауы мүмкін емес. Әсіресе, соңғы уақыттары пайда болған баласын дәретханаға тастаған тасжүрек ана мен кішкентай сәбиін керексіз етіп көліктен лақтырған көзсіз әйелге деген сәби жүректің өкпе-реніші көзіңе жас алдырмай қоймайды. Ал, лед-экрандағы күлімдеген сәбилерді көрсеңіз бұл дүнеиеде сәби сүюден асқан тәтті сезім, одан асқан бақыт жоқ екеніне сүйсініп қарап отыра бергіңіз келеді. Бірақ….бір өкініштісі – жарық дүниені көріп үлгермей, тіпті жетіліп үлгермеген сәбилердің ананың жатырынан шыққысы келмей, өзін аямаған анаға жабысып, тырмысуы жүрегіңді елжіретіп жібереді. Ең бастысы фестивальдің көрермендері жастар мен студенттердің осы қойылымнан кішкентай болса да ой түйіп, болашақ аналар мен әкелердің сабақ алуы. Қойылымды көріп отырып әрбір болашақ ана «менмұндай көргенсіздікке бармаймын. Жоқ, мен жүрексіз бола алмаймын» - деп өз-өзіне серт бермесіне кім кепіл?! Әр монолог мейірімге шақырып, «олай жасамаңдаршы, аналар» деген жалынышты үн мен ұлтқа деген жанашырлықты көрсетіп тұрады. Санасы бар адам болса бұл қойылымды көргеннен кейін міндетті түрде ойланады. Қойылымның әсер еткені соншалық, көрерменнің көпшілігі өз-өздеріне келе алмай жүрді. Тек қана шарананың жан айқайы мен қара сөздер емес, әннің құдіреттілігі болар, ән айтылған сайын көзіндегі жасты тоқтатуға келмейді, мөлдір моншақтар тамшылап күшейіп кетеді. Спектакльдікүнделікті айтылып жүрген белгілі ақындардың сөзіне жазылған елімізге танымал әншілердің әндері қиыстырып, жалғап тұр. Мысалы, С.Қалиевтің «Сәби бақыты», М.Мақатаевтың «Көнеміз ғой», Р.Зайытовтың «Перзент арманы», Ф.Оңғарсынованың «Жыла жүрек», Б.Есебаевтің «Мама» әндері. Сонымен қатар, «Жетімнің монологы», «Тастанды баланың мұңы», «Мамаға хат», «Кішкентай періште», «Диагноз», «Пештегі бала», «Көзіңе еріксіз жас келеді….», «Шарананың жанайқайы», «Шарананың монологы», «Аманат», «Қыршыннан қиылғандар мен қорланғандар» монологтары қолданылған. Бұл театрдың мақсаты қойылымды көрсете отырып, адамны санасына сіңіру, жүректен жүрекке жеткізу болатын және олар діттеген мақсаттарына жетті.Әнді жалғап, монологтың көбісін өз мойнына алған Айбек Айдынұлы «Ең үздік ер адам бейнесі» номинациясымен және елу мың ақшалай сыйлығымен марапатталды.

Ал, «Дәуір» студенттік театры Мұхтар Шахановтың «Танакөз» поэтикалық драмасын сахналауды жөн көріпті. Несі бар?! Қайта өздерінің жас шамаларына сәйкес, бірінің басынан өтсе, бірі осы шақта сол махаббаттың дәмін татып жүрген жастар. Достық, пәктік, тазалық – қазіргі жастардың арасында өте сирек кездесетін асыл қасиеттер.«Дәуір» студенттік театры 2015 жылы ақпан айында құрылып, осы училищенің «актер өнері» бөлімінің студенттері театр құрамына енген. Семейдің Мұқан Төлебаев атындағы музыка училищесінде оқып жүрген студенттер көрерменді әсем әнмен баурап алды. Жас театрдың режиссеры Амангелді Бахтинов тақырып таңдаудан шатаспаған секілді. Бір-бірімен қарым-қатынасын жоғалтпай, екі кезеңді алып шыққан «Дәуір» студенттік театры «Ең үздік актерлік ансамбль» номинациясы мен елу мың теңгеге ие болды.

Орал қаласынан келген «Ұлы Дала» театры осы жылдың 27 наурызында Халықаралық театр күніне орай, осы ертегімен шымылдығын ашқан екен. «Сақ бол» деп аталатын халық ертегісі үлкенді де, кішіні де кез келген істі бастамас бұрын жақсылап ойлануға және сақтыққа жетелейді. Ертегінің режиссеры - Еркін Тасболат. Қойылымның костюмі мен декорациясы ертегіге лайық таңдалған. Суретшісі Мұрат Мәмбетовтің жарқын түстермен образды ашуда біраз еңбектенгені көрініп-ақ тұр. Қазылар суретшінің еңбегін елеп, елу мың ақшалай сыйлығы мен «Ең үздік сценография» номинациясын және шаштаразшы мен жігіттің ролін бір-біріне ұқсауына жол бермей, екі образды екі бөлек алып шыққан Әділбай Серікболсынға «Ең үздік эпизодтық роль» номинациясы мен елу мың теңге табыстады.

Фестивальге келген өнерпаздардың барлығы өнерге ынтық, жаңа ізденістерге ұмтылған студенттер. Солардың бірі 2014 жылы ашылған Қарағандыдан келген «Q» студенттік театры. Тәттімбет атындағы Өнер колледжінде дәріс алып жүрген жастар екінің бірі шығармасына қол сұға бермейтін, елімізге белгілі жазушы Иран Ғайыптың «Қорқыттың көрі» шығармасын таңдап алыпты. Режиссер Бекмұхаммед Киекбаев аталған драмалық дастанды барынша психология жағынан көрсетуге тырысты. Қорқыттың қобызға айналуы режиссердің ұтымды шешімі деп білемін. Уақыт пен адам бетіндегі бетперденің ойнатылуы, актерлардың киім-киісі қойылымдағы атмосфераны толықтырып тұрды. Театрдың жетекшісі ҚР еңбек сіңірген қайраткері Қайрат Кемалұлы болса, режиссеры ҚР мәдениет қайраткері Бекмұхамед Мұқатайұлы. Өнер қайраткерлері ұстаздық еткен театрдың ерекше болуына да осы себеп болса керек. Мықты ұстаздан мығым шәкірт шығары сөзсіз. Бұл қойылымды Алматыдағы М.Әуезов театрының ұжымы сахналаған болатын. Сондықтан, «Q» студенттіктеатрын сол аға буындарының ізбасары ретінде көргендей болдым. Олар нәтижелі жұмыс пен тынымсыз ізденістің арқасында «Жаңашыл шығармашылық ізденістері үшін» номинациясымен және елу мың теңге ақшалай сыйлықпен марапатталды.

Келесі, осындайэксперименталды дүниелерге жаны жақын театрлардың бірі Ақтөбе көпсалалы АГУ Тарлан колледжінің 4-курс студенттерінен құралған «AL-LART» студенттік театры. Театрдың жетекшісі әрі режиссері - Алмат Шарипов. Театр фестиваль аясында Антон Чеховтың «Қараңғылық» шығармасымен өз шымылдығын ашты. «ALLART» студенттік театры елу мың және «Дебюттік қойылым» номинациясымен марапатталды.

Ақтөбе қаласының Ақтөбе көлік, коммуникация және жаңа технологиялар колледжінен құралған «Арын» студенттік театры Т.Ахтановтың «Күшік күйеу» комедиясын сахналады. Қойылымның режиссері және басты рөлді сомдаушы жігіт - Әділет Елемесов небәрі 18-де. «Болам деген баланың бетін қақпа» демекші, жастарға әрі қарай қолдау көрсетілсе алар асулары әлі алда деген ойдамыз. Олардың алғашқы қадамдары екенін ұмытпайық. Сондықтан олардан қазылар алқасы үлкен үміт күтіп, «Үміт» жүлдесі мен елу мың теңге ақшалай сыйлығын тапсырды. Тағы да өзіміздің өңірден ақпан айында ашылған «Кемал» театр студиясы фестивальге алғаш қадам басып, Қанат Жүнісовтің «Алғашқы махаббат» комедиясының тұсауын театр залында кесті. Театр әр түрлі мамандықта оқитын студенттерден құралған. Қойылымның режиссері әрі жетекшісі театр өнері магистрі Елтай Кемал болатын. «Кемал» театр студиясы өз қойылымдарын бастамас бұрын, осы студенттер арасындағы театрдың ашылуына бірден-бір себепші болған Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ректоры Кенжеғали Кенжебайұлына алғыс білдіретінін жеткізді. Жеңіл әзілге құрылған және өте көңілді комедия психология, сахналық катарсис, драма жанрларына қуә болған көрермендердің көңілін көкке көтеріп тастағандай болды. Өз ұстазына ғашық болған бозбала мен заманауи күлкілі көріністер езуіңізді жиғызбай қоймайды. Тек қана көрермендер емес, қазылар алқасының төрағасы Асхат Маемировтың да ықыласы ауып, Қанат пен Қайыржан рөліндегі Еламан Иманбаев пен Алинур Сұлтанбаевты көбінің қолы жетпей жүрген, өнерсүйер жастардың арманы Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясына шақырды. Жақсы жаңалықты құлағы шалған жетекшісі Елтай Кемал мен «Кемал» театр студиясының жастары қуаныштарын жасыра алмады. Осылайша, екі жігіт елу мың ақшалай сыйлығы мен «актерлық дуэт» номинациясымен марапатталса, музыкамен көркердеуші Сенім Ноғайбаев елу мың мен «Үздік музыкалық көркемдеу жұмысы» номинациясын жеңіп алды. Нұр үстіне нұр жауып, бәрінен қуаныштысы Елтай Кемалдың еңбегі жерде қалмай, жүз мың ақшалай сыйлық пен «Ең үздік режиссер» номинациясына қол жеткізді.

Фестиваль барысында сегіз қырлы бір сырлы жандар, яғни,өзі режиссер, өзі автор, өзі актриса болғандар да кездесті. Ол - Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласынан келген «Алтын шаңырақ» студенттер театрының режиссеры, «Шыңыраудағы шырғалаң» драмасының авторы, басты рөлді сомдаған Ләззат Ерубаева. ТеатрМаңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласында 2011 жылы «Өнер» мекемесі «Мұнайшы» мәдениет үйі жанынан Мұнай және газ колледжінің студенттері арасында құрылған.Мылжың емес, шағын ғана дүниенің ішінде ауқымды мәселе көтерілген пьеса үшін Ләззат Ерубаева «Қазіргі заманғы тақырыпты игерудегі жетістіктері үшін» номинациясымен және елу мың теңгемен марапатталды.

«AZAREE» театры Камат Касеновтың «Рахмет, сізге!» қойылымын Ақтөбеліктерге және қала қонақтарына тарту етті. Басқаша формаға құрылған бұл театрдың ерекшілігі автор спектакльдің басты кейіпкері және оқиға екі жақта біп-бірдей оқиғамен байланысып тұрады. Пьеса заманның актуалды тақырыбы тастанды балалар мен жауапкершілігі жоқ әке мен тыз етпе қызба махаббаттың шырмауына түсіп қалған жас ананың өмірін қозғайды. Бірақ адасқан пьеса кейіпкерлері дүниедегі қасиетті есім, біреулер үшін арманға айналған «ана», «әке» деген атқа лайық-емес ау. Аң екеш аңда өз баласын қорғаштап, қанаттыға қақтырмауға, тұмсықтыға шоқтырмауға тырмысады емес пе?! Осы жарық дүниеге келгеніне шексіз риза болған бейкүнә бала «рахмет» айтуды ержеткен бозбала мен есейген бойжеткеннен артық біледі. Ол Аллаға шүкіршілік етуді, тастанды етіп тастап кеткен тасжүрек ата-атасына рахмет айтуды бір сәт те ұмытқан емес. «Рахмет, сізге!». Құлаққа соншалықты жағымды сөз. Адамгершілігі азайған заманда жастарға көрсеткен қойылымыңыз бен пьесаңыз үшін «Рахмет, сізге!» Камат мырза.Бұл театр «Сахналық шынайылығы үшін» номинациясы және елу мың теңге жүлдесіне ие болды.

Келесі жас театр М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті, Педагогика және мәдениет факультеті, «Режиссура және актерлік өнер» кафедрасының жанынан ашылған «Өркен» студенттік театры. Жас өреңдермен бірге режиссер Еркебұлан Жолдасов Назым Хикметтің «Махаббат туралы аңыз» драмасын ұсынды. Тарихымыздағы жеті ғашықтың бірі Фархад пен Шырынның махаббатын, әпкенің бауырмалдығы мен ақылдылығын осы жерден көре аламыз. Уәзір рөлін сомдаған Бақытжан Көшеров елу мың теңге мен «Классикалық драматургиядағы ер адам бейнесін ашудағы жетістіктері үшін» номинациясымен марапатталса, Нұрсұлтан Әділханов «Екінші пландағы үздік ер адам бейнесі» номинациясы мен елу мың ақшалай сыйлыққа ие болды. «Өркен» студенттік театры өзінің алғашқы шымылдығын ресми түрде 2010 жылдың 10-наурызында Еркебұлан Жолдасовтың «Біздің жатақхананың қыздары» атты комедиясымен ашқан. Жас та болса бас болуға дайын «Өркен» студенттік театрының репертуарында 28 қойылым бар екені таңқалдырады.

Ақан Сері атындағы Көкшетау мәдениет колледжінің «Жас толқын» театр

студиясы Фархадбек Қанафин режиссерлық еткен Ә.Оразбековтің «Бір түп алма ағашы» драмасын сахналады. Бұл театр студиясы 2015 жылы қыркүйек айында құрылған. Студия құрамына колледждің «Театр ұжымының жетекшісі» мамандығының 2-3-ші курс студенттері кіреді. Облыстық байқаулардан жүлде алып жүрген бұл театр, тіпті осы қойылыммен Ақмола облысы, Макинка қаласына гастрольдік сапарға барып келген екен. Режиссер драманы 40 минуттан тұратын «сахналық фантазия» етіп алған. Көрермендердің назарына іліккен жас театр елу мың теңге мен «Көрермендер көзайымы» номинациясымен марапатталды.

Ал, Алматыдан келген Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының оқытушысы,профессор, актер, режиссер, ҚР Халық Әртісі, ҚР Еңбек сіңірген әртісі, ҚР Театр Қайраткерлері Одағының төрағасы Тұңғышбай Жаманқұловтың «кино және драма әртісі»мамандығының 4-курс студенттері Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» драмасын халық назарына ұсынды.Тәжірибелі ұстаз Тұңғышбай Жаманқұлов режиссерлық еткен драма жоғарғы деңгейде сахналанып, қалың көрерменнің қошеметіне бөленді. Басты рөлдегі Жәмиланың рөлін сомдаған Гүлдана Әбдісадық «Ең үздік әйел адам бейнесі» номинациясы мен елу мың теңге және ене рөліндегі Жадыра Оңғарбаева «Екінші пландағы үздік әйел адам бейнесі» номинациясы мен елу мың теңге жүлдесін иеленді. Сонымен қатар, барлығы тағатсыздана күткен жоғарғы дәрежелі «Ең үздік қойылым» номинациясы мен екі жүз мың ақшалай сыйлығы да Т.Жүргенов атындағы қазақ ұлттық өнер академиясының 4-курс студенттеріне бұйырды.

Осылайша, мерекеге айналып, екі күнге ұласқан ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Балауса» жастар және студенттік театрлары арасындағы фестиваль өз мәресіне жетті. Сөз соңында театр директоры, ҚР мәдениет қайраткері барлық қатысқан театрларға алғысын білдіріп, фестиваль келесі жылы да жоғары деңгейде жалғасын табатынын айтты. Республиканың түкпір-түкпірінен жиналған театрлар ұйымдастыру алқасына соның ішінде, директордың орынбасары Еспанбетов Жандос Жәумітұлы мен театр директоры Жұбатқан Нұрлыбек Хайруллаұлына шексіз алғыстарын айтып, арайлы Ақтөбе қаласымен қимай қоштасып жатты.

Ақмарал ӘБДІХАЛЫҚ,
меншікті тілшіміз Ақтөбе қаласы

Әдебиет – ардың ісі

Үш қоңыр

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Өркен

№17 (279) 29 сәуір 2016 жыл

Премьера!

МАХАМБЕТ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ДРАМА ТЕАТРЫ

ТЕРГЕУ

ДЕРЕКТІ ДРАМА

Г. Пряхин

Атырау облыстық Махамбет атындағы қазақ драма театры тағы бір жаңа қойылымды Атырау жұртшылығына ұсынды. Белгілі Ресей журналисі, жазушы Г.ПРЯХИННІҢ «Тергеу» (Допрос) деректі драмалық қойылымын сахналап, көпшілікке мәлім де беймәлім ақын Б.ПАСТЕРНАКТЫҢ басынан өткерген тарихи сәттері, өмір сүрген дәуірі мен сол кездегі қоғамдық қатынастардың шиеленіске толы кезеңдері театр өнері арқылы көрермен жүрегіне жол салды.

Қойылым - тарихи деректер бойынша жазылған құнды дүние. Бұнда барша адамзаттың қадір тұтатын шындығы мен адал сезімін жоққа шығару, аққа күйе жағу, барды жоққа шығару сияқты көріністердің тарихта қалай өрбігені кәсіби өнер арқылы көрсетілді. Көрермен қойылым арқылы көп нәрсені басқа қырынан көруге, пайымдауға мүмкіндік алады, тағы бір тарих тасасында жатқан тағыламмен танысады. Кезінде жалғыз ғана «Доктор Живаго» романы үшін «Нобель сыйлығына» ұсынылған, сол романы Кеңес үкіметінің КПСС ОК президиумына дейін барып талқыланып, халықаралық шиеленістерді тудыратын құрал ретінде қауіптендіргені, ақынды құдалауға қаулы шығарылып, тергеп-тексергендігі, тіпті әжуалап ортадан аластатуға дейін барғандығы, айналып келгенде сол романды ешқайсының жөнді оқымағандығы, ақын өмірден өткен соң ғана романнан ешқандай антикеңестік әрекеттің, пиғылдың жоқтығы айтылғандығы тарихи деректер, оны әрі қарай қызыққан адам өзі іздеп тауып алары сөзсіз. Басты кейіпкер ақын, жазушы Борис Пастернактың өмірі мен шығармаларынан берілген көріністер, үзінділер, оқылған өлеңдер тарихтың өміршеңдігін тағы бір дәлелдеді, көпшілікке өшпес рухтың күшін сезіндірді.

Қойылым режиссері – Жанат Телтаев, суретшісі – Темірбек Мұхтаров, пьесаны аударған Төлеген Берішбай, Борис Пастернактың өлеңдерін қазақ тіліне аударған Әлия Дәулетбаева мен Төлеген Берішбай. Басты рольде ойнағандар: Асылбек Бәдел, Дастан Пышанов, Гауһар Қабиева, Анета Баетова, Қабдолла Күйкенов, т.б.

ҚҰСТЫҢ КҮШІ – ҚАНАТЫНДА, ХАЛЫҚТЫҢ КҮШІ – БІРЛІГІНДЕ

Алматы автомеханикалық колледжінде мерекелік ауыз әдебиеті үлгісінде үш бөлімнен тұратын мерекелік іс-шара өткізілді.

Мерекенің бірінші бөлімі Алматы қаласының мың жылдығына арналды. Алдымен мерекемен құттықтау сөз Жетісу ауданының Ардагерлер кеңесінің төрайымы Өміралиева Сания Әлденқызына берілді. Құттықтау кезегін қалалық «Алматы – менің алғашқы махаббатым» атты КВН және флэш-моб жүлдегерлері атанған колледжіміздің студенттері жалғастырды.

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің жиырма бес жылдығына арналған мерекеміздің екінші бөлімін қалалық колледж ұйымының президенті Жантілеу Әзісханов өз құттықтауымен ашты.

Үшінші бөлімде құттықтау сөз ААК директоры Т.А.Рахманов пен қоғам қайраткері Т.М.Шакироваға берілді. Мерекелік іс-шараға мыңға жуық адам қатысты. Оның тең

жартысы студенттер болса, қалғандары ата-аналар мен «Құлагер» шағын ауданының тұрғындары еді. Сонымен қатар мерекелік іс-шараға ҰОС-ң ардагерлері мен көпбалалы аналар қатысты.

ААК ұжымымен ұйымдастырылған қазақ халқының салт-дәстүрі – «Беташар» көрсетілді. Ұлттық әндер орындалып, әсем би биленді, шаңырақ иелері қонақжайлығын көрсетіп, келген қонақтар дәмнен ауыз тиді.

ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ҚАЛАМГЕР, КӨРНЕКТІ ҒАЛЫМ

Алматы қаласы ОКЖ-нің №4 кітапханасында қалың оқырманға есімі белгілі көрнекті қаламгер, журналист, сыншы, әдебиеттанушы ғалым Нұрдәулет Ақыштың өнегелі өмір белестері мен шығармашылығына арналған «Тау тұлғалы қаламгер, көрнекті ғалым» атты шығармашылық бенефис кеші өтті.

Нұрдәулет Бабиханұлы – әдебиеттің бірнеше жанрында көсіле қалам тербеп жүрген сегіз қырлы, бір сырлы қаламгер. Нұрдәулет Ақыш өз шығармаларында туған жер, табиғат, балалық шақ, пәк махаббат, биік адамгершілік, азаматтық парыз, адами құндылықтар, қазақ халқының дархандығы, өз замандастарының жан дүниесі, өмір шындығы туралы азаматтық ой толғайды. Ал, әдеби зерттеу, сын кітаптарында әдебиеттің ең өзекті мәселелерін қозғап, өз түйгенін терең оймен, зерделі сөзбен, шешен тілмен оқырманға жеткізетін талғампаз да талдампаз әдебиетші ғалым.

«Үндемейтін ұл», «Күрмеуі қатты түйіндер», «Сынық домбыраның сазы», «Төрге шыққан кім?», «Бұрынғы бастықтың әйелі», «Жатақхана қыздары», «Ұлы ғашықтар ұрпағы», «Таң алдындағы дабыл», «Бейуақта жанған от», «Жұмбақ іздер» сияқты көркем оймен өрнектелген шығармаларының қай-қайсысы болса да, талғампаз оқырманның сүйіп оқитын шығармаларының қатарына енді. Жазушының осы шығармалары жөнінде Әбіш Кекілбаев: «Өмір танытқыш парасаты, кісі танытқыш пәтуасы, жігер қайрайтын рухани уыты мол кітаптар жаздың» деген болатын.

Экраннан арнайы дайындалған «Саңлақ суреткер» атты слайд-презентация, қаламгердің өмір белестері мен шығармашылық шеберханасы туралы «Тау тұлғалы қаламгер, көрнекті ғалым» атты виртуалды кітап презентациясы көрсетіліп, музыкалық әуенмен көркемделген әдеби



шолу тыңдалды. Оқу залының төріне «Көркемсөздің көрнекті шебері» атты кітап жаймасы ұйымдастырылып, оған қарымды қаламгердің шығармалары, ғылыми ұжымдық зерттеу еңбектері, мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалары қойылды.

Бенефис қонақтарының қатарында М.Әуезов атындағы Әдебиет пен өнер институтының ғылыми қызметкерлері, ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің доценті Жолдасбек Мәмбетов, жазушы, аудармашы, Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Нұрлан Қами болды. Алматы Университеті, Қазақ Мемлекеттік Қыздар педагогикалық университеті, Алматы Полиграфиялық колледжінің студенттері мен кітапхананың тұрақты оқырмандары қатысты.

Бенефистің «Қаламгер келбеті» кезеңінде Нұрдәулет Бәбиханұлының ғибратты

өмір жолы мен шабытты шығармашылығы жайлы жазушының өзі және әріптестері сыр шертті. «Оқырман күткен әсерлі сәт» кезеңінде оқырмандар қаламгерлерге әр түрлі әдеби тақырыптар аясында сұрақтар қойып, пікір алмасса, ал «Оқырман олжасы» атты кезеңде қаламгердің шығармашылығы мен «Аласа таулар аясында» жаңа туындысы туралы оқырмандар өздерінің ақ тілек, пікір-лебіздерін білдірді.

Ұлы данышпан Абай: «Кітап – жазушының жүрегінен оқырманның жүрегіне жіберілген айнымас дос», – деп көркем туындылардың біздің өміріміздегі орнын айрықша атап көрсеткен еді. Балалық дәурен – әр адамның қимас шағы, қайта келмес көктеміндей. Жазушының «Аласа таулар аясында» атты жаңа туындысы – оқырман қауымды сол қияда қалған балалық шағы мен жалындаған жастық дәуренімен табыстырып, өткен күндерді еріксіз еске түсіреді. Шығарманы оқи отырып, ұшқаны білінбейтін ұшқыр заманның зымырап бара жатқанын амалсыз мойындаймыз. Аталмыш роман талғамы биік, зерделі оқырмандарды түрлі сезімге бөлеп, ерекше әсер қалдыру үстінде.

Кітапхананың дарынды оқырмандары осындай тәлімдік, тәрбиелік маңызы зор мәдени шара ұйымдастырып, сүйікті жазушыларымен табыстырған кітапхана ұжымына алғыстарын білдірді. Қаламгерге өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, талғампаз оқырманның жүрегіне жол тапқан жаңа шығарма жайлы ойларын білдірді. Сүйікті жазушыларына аталмыш шығарманың жалғасын асыға күтетіндіктерін, келешекте «Аласа таулар аясында» туындысы үлкен ғұмырнамалық романға ұлассын деп өз ұсыныс-тілектерін білдіріп жатты.

Алматы Полиграфиялық колледжінің студенттері Ілияс Айдын мен Арғымбеков Бақтияр, кітапхана қызметкерлері Жидебаева Аяулым мен Хаметова Айгерім «Аласа таулар аясында» туындысынан үзінділер оқыды. Ән бесігінде тербеліп өскен дарынды өнерпаздар: П.Чайковский атындағы музыкалық колледждің студенттері: Әділ Досмұхамед, Қабыл Арнат, Тойшыбаев Мағжан және Алматы Полиграфиялық колледжінің студенті Тұранов Бекарыс ән мен күйден шашу шашып, көпшілік қауымға көктемгі күннің шуағындай жақсы леп сыйлады.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы: «Адам мәңгі жасамайды, мәңгі жасайтын оның ісі» деген еді. Әрине, мәңгілік қалатын нәрсе – біздің жүріп өткен жолымызда қалдырған өнегелі іздеріміз. Бүгінгі қазақ әдебиетіндегі талғамы биік, танымы терең қаламгер, салиқалы сыншы Нұрдәулет ағамыздың әдебиетіміздің алтын қорына қосылар жаңа туындыларын оқырман қауым асыға күтетін болады.

«ТЫРАУЛАП ҰШҚАН ТЫРНАЛАР»

Талдықорғандағы І. Жансүгіров атындағы Мәдениет үйінде Қ.Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының спектаклі көрермен назарына ұсынылды. Талдықорғанға жасаған сапарының алғашқы күнінде театр ұжымы В.Ежовтың «Тыраулап ұшқан тырналар» лирикалық драмасын қойды. Ұлы Отан соғысындағы майдангерлер өмірі, адалдық пен іштарлық, махаббат пен кек сияқты қарама-қайшылықтардың ұрыс даласында да көрініс беретін сәттерін сәтті жеткізген шығарманы көрермен ыстық ықыласпен қабыл алды.

Спектакль соңынан облыс әкімі Амандық Баталов құттықтау сөз сөйлеп, театр ұжымына зор ризашылығын жеткізді. Айта кетейік, астаналық өнер ордасы бір апта көлемінде Талдықорған қаласының тұрғындары мен қонақтарына 7 спектакльді тарту етеді.

«ЖЕТІСУ БӨРІСІ» – ҰЛАН РЫСҚҰЛ

Алматы облысы орталығы Талдықорған қаласындағы «Жастар» спорт кешенінде Алматы облысы әкімінің жүлдесі үшін қазақ күресінен «Жетісу бөрісі» турнирі өтті. Бұл турнирге аудан, қалалық іріктеу турларында жеңімпаз атанған екі палуаннан жалпы саны 38 спортшы қатысты.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде облыс әкімінің орынбасары Бахтияр Өнербаев сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Осыдан кейін сөз алған жарыстың құрметті қонақтары Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіров, Пекин Олимпиадасының қола жүлдегері Нұрбақыт Теңізбаев, Қазақ күресінен тұңғыш чемпион, өнер қайраткері, белгілі актер Әлімғазы Райымбеков жарысқа қатысушыларға ақ батасын беріп, палуандардан тартысқа толы қызықты күрес күтетіндерін айтты.

Турнир қорытындысында Балқаш ауданының намысын қорғаған «Балқаш барысы» лақап атымен танымал Ұлан Рысқұл тұғырдың биігінен көрініп, «Жетісу бөрісі» белбеуін тақты және облыс әкімінің жүлдесі - «Лада Приора» автокөлігіне ие болды. Жүлделі екінші орынды түрлі деңгейдегі жарыстарда атой салып жүрген Қарасай ауданынан келген «Қарасай бөрісі» лақап аты бар Александр Касачев иеленіп, 300 мың теңгенің ақшалай сыйлығын алды. Сондай-ақ «Шатырбай арланы» лақап атымен белгілі Жігер Сәкенұлы жарыста үшінші орынға ие болды. Оған 100 мың теңгенің сертификаты табысталды.

Облыстық турнирде жүлделі бірінші және екінші орыннан көрінген қос палуан Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың жүлдесі үшін қазақ күресінен өтетін «Қазақстан барысы» жарысының жолдамасына ие болды.

Үш қоңыр
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ӘДЕБИЕТ, МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ГАЗЕТІ

Директор-Бас редактор
Болат БАТЫР
Bolatbatyr@mail.ru

Директордың бірінші орынбасары
Арман МАҚСҰТОВ

Бөлім редакторлары:
Әдебиет – Жұма-Назар СОМЖҮРЕК
Мәдениет – Гүлжанат ШОНАБАЙ
Өнер – Жанарбек БЕРІСТЕН
Дін – Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Ғылым – Бейбіт ҚОЙШЫБАЕВ
Сатира – Нұрлыбек ЖҰБАТҚАН

Меншікті тілшілер:
Қажет АНДАС (Алматы облысы)
Темірбек Мұхтаров (Атырау облысы)
Байқал БАЙӘДІЛОВ (Ақмола облысы)
Алтай АЙЫП (Қызылорда облысы)
Нұржан СЕРІКХАНҰЛЫ (Жамбыл облысы)
Ақмарал Әбдіқалық (Ақтөбе облысы)

Халықаралық тілшілер:
Жүсіп ХЕСИМОВ (Түркіменстан)
Әлімжан ӘШІМҰЛЫ (Қытай Халық Республикасы)
Ақшагүл ТӨЛЕГЕНОВА (Өзбекстан Республикасы)

Аймақтағы өкілдер:
Pikasso (Мәскеу)
Аққали АХМЕТ (Атырау облысы)
Әбілсейіт МҰХТАР (БҚО)
Өркен ИСМАИЛ (Қызылорда облысы)

Жауапты хатшы – **Манас ҚАЙЫРТАЙҰЛЫ**
Корректор – Шолпан СЕРІККҚЫЗЫ

- Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде 29 тамыз 2012 жылы тіркеуден өтіп, №12994-Г куәлігі берілді.
- ***(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №10414-Г,10.10.2009 ж.)***
- «Үш қоңыр» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
- Газеттің терілуі мен бет қатталуы «Үш қоңыр» қоғамдық қорының компьютер орталығында жасалып, Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17-үй «Дәуір» ЖШС баспаханасында басылды.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Суреттердің сапасына редакция жауап береді.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
- «Үш қоңыр» газетінің жазылу индексі: 64311
- Газет аптасына бір рет, жұма күні шығады.

Мекен-жайымыз:
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143
Редакция телефондары:
8(727)972-75-55,
+7 701 981 81 22
Тапсырыс 279
Таралымы 14100 дана
Офсеттік басылым,
Көлемі – 2 баспа табақ

e-mail:
ushkonyr_gazeti@mail.ru